

Ф. Ш. Оразбаева, Ж. Т. Дәулетбекова, Р. С. Рахметова, А. Қ. Рауандина,
Л. С. Нұрмұханова



ҚАЗАҚ ТІЛІ

БАЛАПАН

Рекомендовано
Министерством образования и науки
Республики Казахстан

3-сынып
2-бөлім

Көкжиек-Горизонт
2018

Все права защищены.
Незаконное
распространение и печать
преследуются по Закону
об авторском праве (ст. 198
УК РК от 100 МРП до 7 лет
лишения свободы)

ӘОЖ 373.167.1
КБЖ 81.2 Қаз-922
Қ 17

Авт.: Ф. Ш. Оразбаева, Ж. Т. Дәулетбекова, Р. С. Рахметова,
А. Қ. Рауандина, Л. С. Нұрмұханова

Қ 17 Қазақ тілі: Балапан. Оқулық. Қазақ тілінен басқа тілде оқытатын 11 жылдық жалпы білім беретін мектептің 3-сыныбына арналған. 2-бөлім. / Ф. Ш. Оразбаева, Ж. Т. Дәулетбекова, Р. С. Рахметова, А. Қ. Рауандина, Л. С. Нұрмұханова. — Алматы: Көкжиек-Горизонт, 2018. — 128 б.

ISBN 978-601-7832-72-8
2-бөлім.— 2018. — 128 б.
ISBN 978-601-7832-71-1 (жалпы)

ӘОЖ 373.167.1
КБЖ 81.2 Қаз-922

ISBN 978-601-7832-72-8 (2-бөлім)
ISBN 978-601-7832-71-1 (жалпы)

© «Көкжиек-Горизонт» ЖШС, 2018

Құрметті жас дос!

Қазақ тілі әлеміне қош келдің! Оқулықтың көмегімен осыған дейінгі алған білімің одан әрі кеңейе түседі. Қазақ тілінде сауатты сөйлеуге машықтанасың.

3-сыныпқа арналған «Қазақ тілі. Балапан» оқулығы 2 бөлімнен тұрады. Осы 2-бөлімде «Өнер» тақырыбында ән, би, қолөнері туралы қызықты тапсырмалар орындайсың. «Атақты тұлғалар» тақырыбы бойынша Дина Нұрпейісова Құрманғазы Сағырбайұлы, Шоқан Уәлиханов, Абай Құнанбайұлы, Ыбырай Алтынсарин, Бауыржан Момышұлы сынды ұлы адамдар туралы қызықты мәлімет аласың. «Су — тіршілік көзі» тақырыбында судың денсаулыққа пайдасы, табиғаттағы рөлі туралы біліп, достарыңмен ой бөлісесің. «Демалыс мәдениеті. Мерекелер» деп аталатын бөлімде демалысты дұрыс өткізу, мерекелерді тойлай білу мәдениеті жайлы пікірлесесің. Соңғы тақырыптарда жазғы демалысты қалай өткізу жөнінде жоспар құрып, әңгімелесуге үйренесің.

Сонымен, «Балапан» сабақтарында сені қызықты тапсырмалар күтеді. Сен қазақша сөйлеуді үйренесің, түрлі тақпақтар жаттайсың. Тапсырмаларды жұппен, топпен ақылдаса отырып, орындауға дағдыланасың. Мұндай тапсырмалар сені достарыңмен жақын араласуға, ойыңды еркін жеткізуге көмектеседі. Сөйтіп, қазақ тілінде дұрыс сөйлейтін боласың.

Талабыңа нұр жаусын, жас дос!

Оқушы, бұл модульде:

- тыңдаған мәтіннің тақырыбын анықтауды;
- тыңдаған материал бойынша сұрақтарға жауап беруді;
- берілген тақырыпқа байланысты сөздерді табуды;
- сурет пен тірек сөздер бойынша оқиға желісін баяндауды;
- мәтінді не оның бөлімдерін мәнерлеп оқуды;
- мәтін мазмұны туралы сұрақ құрауды;
- тірек сөздерді пайдаланып, оқыған материалдың мазмұнын жазуды;
- шағын мәтіннен жіктік жалғаулы сөздерді тауып, дұрыс қолдана білуді **үйренесің.**

1-сабақ **ОТБАСЫМ ӨНЕРЛІ**

Мен өнерлімін
 Сен өнерлісің
 Сіз өнерлісіз
 Ол өнерлі

Біз өнерліміз
 Сендер өнерлісіңдер
 Сіздер өнерлісіздер
 Олар өнерлі

Біз қатыстық
 Сендер қатыстыңдар
 Сіздер қатыстыңыздар
 Олар қатысты

Жаңа сөздер

өнер
 белгілі
 зергер
 сырға
 күміс
 кілем
 көрме
 ою

Дұрыс айт!

өнер [өнөр]
 белгілі
 сырға
 күміс [күмүс]
 көрме [көрмө]
 кілем

ОҚЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

Оқы. Қайтала.



Атам — белгілі зергер.



Әкем домбыра тартады.

ТЫҢДАЛЫМ АЙТЫЛЫМ

1-тапсырма. Мәтінді тыңда. Сұрақтарға жауап бер.

1. Әнел қайда барды?
2. Ол кіммен барды?
3. Оған не ұнады?
4. Әнелдің әжесі қандай шебер?

ОҚЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

2-тапсырма. Оқы. Өз отбасың туралы айт.

Менің отбасым өнерлі. Атам — белгілі зергер. Ол кісі күмістен сырға жасайды. Әкем домбыра тартады. Ағам — суретші. Інім ән айтады. Анам киім тігеді. Мен пианинода ойнаймын. Біз «Өнерлі отбасы» байқауына қатыстық. Біз екінші орын алдық.





АЙТЫЛЫМ

3-тапсырма. Сұраққа жауап бер.

- Оның отбасы қандай?
- Оның атасы зергер ме?
- Ол неден сырға жасайды?
- Әкесі не тартады?
- Олар қандай байқауға қатысты?



ЖАЗЫЛЫМ

4-тапсырма. Көп нүктенің орнына тиісті қосымшаны қойып жаз.

1. Ол «Өнерлі отбасы» байқауына қатыс... . 2. Ата... күмістен сырға жасайды.
3. Әнел ән айта... . 4. Анам киім тіге... . 5. ... «Өнерлі отбасы» байқауына қатыс-
ты. 6. Әнел атасымен көрме... барды.

Тиісті қосымшалар:

-ты	-м	-ды	-ді	-ол	-ге
-----	----	-----	-----	-----	-----



АЙТЫЛЫМ


5-тапсырма. Суретті пайдаланып әңгіме құра. Сурет бойынша бірнеше сұрақ дайында. Бір-біріңе сұрақ қойыңдар.





ЖАЗЫЛЫМ

6-тапсырма. Диаграмманы толтыр.



АЙТЫЛЫМ

7-тапсырма. Жағдаят: мектепте өтетін «Өнерлі сынып» байқауына сендердің сыныптарың да қатысуы керек. Сыныптастарыңнан қандай өнер көрсететінін сұрап, байқауға қатысушылардың тізімін дайында. Әрқайсың өнерлеріңді көрсетіңдер.



Есте сақта!

Мен байқауға қатысамын. Менің отбасым өнерлі. Мен домбыра тартамын. Досым ән айтады. Менің сыныбымда өнерлі бала көп.

2-сабақ ҚАРЫНДАСЫМ БИЛЕЙДІ

Мен биле**й**мін
Сен биле**й**сің
Сіз биле**й**сіз
Ол биле**й**ді

Жаңа сөздер

би
моншақ
сахна
қимыл



ОҚЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ



Оқы. Қайтала.



Дұрыс айт!

би [бій]
моншақ
сахна
қимыл [қыймыл]





ТЫҢДАЛЫМ АЙТЫЛЫМ

1-тапсырма. Диалогты тыңда. Саған кімнің таңдауы ұнайды? Пікіріңді айт.



ОҚЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

2-тапсырма. Мәтінді оқы. Сұрақтарға жауап бер.

Қарындасым Гүлсая би үйірмесіне қатысады. Гүлсаяның әдемі моншағы бар. Оның көйлегі қызыл. Ол жақсы билейді. Ол сахнада достарымен «Қара жорға» биін билейді.

- Гүлсая неге қатысады?
- Оның көйлегі қандай?
- Гүлсаяда не бар?
- Ол кіммен билейді?



ЖАЗЫЛЫМ

2-тапсырма. Сөздерге қосымшалар жалғап сөйлем құра.

Гүлсая

қарындас

қатысу

бар

би үйірмесі

әдемі

моншақ



АЙТЫЛЫМ

3-тапсырма. Диалогты толықтырыңдар.

- Оның қарындасының аты кім?
—
- Оның моншағы қандай?
—
- Оның қызыл көйлегі бар ма?
—
- Олар қайда билейді?
—





ЖАЗЫЛЫМ

4-тапсырма. Суреттер бойынша сөйлемдер құрап жаз.



АЙТЫЛЫМ

5-тапсырма. «Балапан» телеарнасынан «Рубидің ғажайып әлемі» мультфильмін көріңдер. Руби және оның достары биді қалай үйренді? Әңгімелеп беріңдер (<https://yandex.kz> сайты пайдаланыңдар).

Кел, жаттайық!

Биші болам
Аппақ көйлек киемін
Қос етегі бүрмелі.
Кестелеген жиегін
Кең даланың гүлдері
Оразақын Асқар



Есте сақта!

Мен билеймін. Биші болғым келеді. Менің әдемі моншағым бар. Ол сахнада билейді.

3-сабақ Інім ән айтады

Мен ән айтамын
Сен ән айтасың
Сіз ән айтасыз
Ол ән айтады

Жаңа сөздер

ән айту
әртіс
қу

Біз ән айтамыз
Сендер ән айтасыңдар
Сіздер ән айтасыздар
Олар ән айтады



Дұрыс айт!

ән айту [ән айтұу]



ОҚЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

Оқы. Қайтала.



ТЫҢДАЛЫМ АЙТЫЛЫМ



1-тапсырма. Мәтінді тыңда. Жаңа сөздерді ата.



ОҚЫЛЫМ

2-тапсырма. Мәтінді оқы. Сұрақтарға жауап бер.

Менің атым Нұркен. Мен үшінші сыныпта оқимын. Інімнің аты Нартай. Ол бірінші сыныпта оқиды. Ол ән айтады. Нартай ән айтқанды жақсы көреді. Нартайдың даусы әдемі. Ол ән үйірмесіне барады. Ініме ертегі ұнайды. Мен оған «Қу түлкі» ертегісін айтамын.

- Сен нешінші сыныпта оқисың?
- Сенің інің нешінші сыныпта оқиды?
- Нартай ән айта ма?
- Нартай нені жақсы көреді?
- Нартайдың даусы қандай?
- Ол қандай үйірмеге барады?



ән айту



ЖАЗЫЛЫМ

3-тапсырма. Көп нүктенің орнына қажетті сөздерді қойып жаз.

Қажетті сөздер: бірінші, үшінші, ән, әдемі, Нұркен, барады, ән айтқанды.

Менің атым Мен ... сыныпта оқимын. Інімнің аты Нартай. Ол ... сыныпта оқиды. Ол ... айтады. Нартай жақсы көреді. Нартайдың даусы Ол ән үйірмесіне



ОҚЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ




4-тапсырма. Оқы. Ақпараттың дұрыстығын көрсет.

ақпарат	дұрыс	дұрыс емес
Інімнің аты Нартай.		
Менің атым Нұркен.		
Мен бірінші сыныпта оқимын.		
Нартай үшінші сыныпта оқиды.		
Ол ән айтады.		
Ол сурет үйірмесіне барады.		
Нартайдың даусы әдемі.		



ЖАЗЫЛЫМ

5-тапсырма. Диаграмманы толтыр.



АЙТЫЛЫМ

6-тапсырма. Диалогты толықтыр.

- Сенің атың кім?
—
- Ініңнің аты кім?
—
- Ол нешінші сыныпта оқиды?
—
- Ол не істейді?
—
- Оның даусы қандай?
—
- Ол қандай үйірмеге барады.
—



Есте сақта!

Нартай бірінші сыныпта оқиды. Нартай ән айтады. Ол ән айтқанды жақсы көреді. Ол ән үйірмесіне барады.

4-сабақ АҒАМ ҚОБЫЗ ТАРТАДЫ

Мен қобыз тартамын
Сен қобыз тартасың
Сіз қобыз тартасыз
Ол қобыз тартады

Біз қобыз тартамыз
Сендер қобыз тартасыңдар
Сіздер қобыз тартасыздар
Олар қобыз тартады

ОҚЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

Оқы. Қайтала.

Жаңа сөздер

күй
күйші
қобыз
үн



Дұрыс айт!

күй
күйші [күйшү]
қобыз [қобұз]
үн



ТЫҢДАЛЫМ АЙТЫЛЫМ

1-тапсырма. Сұхбатты тыңда. Сұрақтарға жауап бер.

1. Олар қайда барады?
2. Музейде қандай аспаптар бар?
3. Әлібекке қандай аспаптың үні ұнайды?



ОҚЫЛЫМ

2-тапсырма. Мәтінді оқы. Сұрақтарға жауап бер.

Менің ағам бар. Ол он бес жаста. Ағамның аты Әлихан. Ол музыка мектебінде оқиды. Ағам қобыз тартады. Әлихан қобызда әртүрлі күй ойнайды. Ол күйші.

- Сенің ағаң бар ма?
- Ол неше жаста?
- Оның аты кім?
- Әлихан қай мектепте оқиды?
- Ол қандай аспапта ойнайды?



қобыз тартады



ЖАЗЫЛЫМ

3-тапсырма. Жақша ішіндегі тиісті сөздерді қойып, сөйлемді көшір.

Менің (ағам, інім, қарындасым) бар. Ол (он екі, он үш, он бес) жаста. (Менің, оның, сенің) аты Әлихан. Әлихан (спорт, музыка, шахмат) мектебінде оқиды. Ол (домбыра, қобыз, сырнай) тартады. Әлихан қобызда әртүрлі күй (билейді, айтады, ойнайды).



ОҚЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ



4-тапсырма. Оқы. Ақпараттың дұрыстығын көрсет.

ақпарат	дұрыс	дұрыс емес
Менің ағам он үш жаста.		
Ағамның аты Әлихан.		
Әлихан спорт мектебінде оқиды.		
Ол қобыз тартады.		
Әлихан қобызда әртүрлі күй ойнайды.		



ЖАЗЫЛЫМ

5-тапсырма. Сөздерді сәйкестендіріп, сөйлем құра.

Менің	музыка	ағам	оқиды.
Қобыздың	үлкен	мектебінде	бар.
Ағам	қобызда	жақсы	ойнайды.
Ол	үні	күй	ұнайды.
Әлихан	қобызды	маған	тартады.

АЙТЫЛЫМ

5-тапсырма. Суреттің орнына қосымша жалғанған сөздерді қойып, сөйлем құра.

Әлихан			
Нұркен			
Нариман		жақсы	тартады.
Нартай			
Әлібек			



Есте сақта!

Әлихан он бесте. Әлихан музыка мектебінде оқиды. Ол қобыз тартады. Ол — күйші. Әлихан қобызда әртүрлі күй ойнайды.

5-сабақ Менің досым — шебер

Мен ұя жасаймын
Сен ұя жасайсың
Сіз ұя жасайсыз
Ол ұя жасайды

Біз қатысамыз
Сендер қатысасыңдар
Сіздер қатысасыздар
Олар қатысады

Жаңа сөздер

қолөнер
қайшы
желім
шеберхана
ине
шебер



Дұрыс айт!

қолөнер [қолөнөр]
тигізу [тйгізүү]
қайшы
желім



ОҚЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ



Оқы. Қайтала.





ТЫҢДАЛЫМ АЙТЫЛЫМ

1-тапсырма. Мәтінді тыңда. Суретке қарап мазмұнын айтып бер.



ЖАЗЫЛЫМ

2-тапсырма. Сөздерде бірнеше әріп жетіспейді. Ол әріптерді тауып, сөздерді жаз.

қлнер

үйрм

шбр

обз

дмбр

орнқ



ОҚЫЛЫМ


3-тапсырма. Мәтінді оқы. Тағы қандай қауіпсіздік ережелерін білесің? Айтып бер.

Біздің мектепте шеберхана бар. Біз шеберханада әртүрлі заттар жасаймыз. Мұғалім бізге қауіпсіздік ережелерін түсіндірді. Инені ауызға салуға болмайды. Оны арнайы қорапшада сақтау керек. Желімді ауызға, көзге тигізуге болмайды. Қайшыны партаның оң жақ шетіне қою қажет.



АЙТЫЛЫМ

4-тапсырма. Суреттегі заттарды атап, сөйлем құра.





ЖАЗЫЛЫМ

5-тапсырма. Сөздерден сөйлем құрап жаз.

1. Біз жасаймыз әртүрлі шеберханада заттар. 2. Орындық досым ұя үй жасады ағаштан. 3. «Өнерлі отбасы» қатыстық біз байқауына. 4. Достарымен ол «Қара жорға» сахнада билейді биін. 5. Қайшыны шетіне қою оң жақ партаның қажет.



АЙТЫЛЫМ

6-тапсырма. Суретті пайдаланып диалог құрыңдар.



Есте сақта!

Менің досым – шебер.
Ол көптеген байқауға
қатысты. Оның қолынан
бәрі келеді.

6-сабақ Қағаздан ойыншық жасадық

Мен қидым / бүктедім
Сен қидың / бүктедің
Сіз қидыңыз / бүктедіңіз
Ол қиды / бүктеді

Біз жапсырдық
Сендер жапсырдыңдар
Сіздер жапсырдыңыздар
Олар жапсырды

Жаңа сөздер


қию
қылқалам
іл
өрнек
бояу

Дұрыс айт!

қию [қыйфу]
қылқалам [қылғалам]
өрнек [өрнөк]
іл

ОҚЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

Оқы. Қайтала.





ТЫҢДАЛЫМ АЙТЫЛЫМ



1-тапсырма. Мәтінді тыңда. Суретке қарап мазмұнын айтып бер.



ОҚЫЛЫМ

2-тапсырма. Мәтінді оқы.

Бүгін демалыс. Саша екеуіміз қағазға түрлі өрнектердің суретін салдық. Мен қағазды қидым. Саша оны бояды. Өрнектерді желіммен жапсырды. Оны үйге іліп қоямыз. Біз қағаздан әртүрлі ойыншық жасадық. Саша түлкі жасады. Мен оны боядым.



ЖАЗЫЛЫМ

3-тапсырма. Сурет бойынша сөйлем құра. Кім не істеді?





АЙТЫЛЫМ

4-тапсырма. Диалогты толықтырыңдар.

-
- Бүгін демалыс.
-
- Саша мен Әлібек қағаздан ойыншық жасады.
-
- Әлібек қағазды қиды.
-
- Саша оны бояды.
-
- Олар қағаздан әртүрлі ойыншық жасады.



ЖАЗЫЛЫМ

5-тапсырма. Сөздерді пайдаланып, мәтін құра.

Ойыншық, қағаз, қию, қылқалам, бояу, шебер, дос, қолөнер үйірмесі, ілу, өрнек.



ОҚЫЛЫМ

6-тапсырма. Көп нүктенің орнына тиісті қосымшаларды қой.

Үлгі: Мен қағазды қиды-м.

1. Мен қағазды қиды... . 2. Сен ойыншық жасады... . 3. Ол түлкіні боя... .
4. Әлібек желіммен жапсыр... . 5. Олар қолөнер үйірмесіне қатыса... .

Тиісті қосымшалар:

-ды	-м	-ң
-----	----	----



АЙТЫЛЫМ

7-тапсырма. Жағдаят: інің қағаздан кеме жасап беруіңді сұрады. Бірақ сен қағаздан кеме жасай алмайсың. Не істейсің? Оған қандай ойыншық жасап бересің? Түсіндір.



Есте сақта!

Мен қағаздан ойыншық жасадым. Саша түлкі жасады. Мен түлкіні боядым.

7-сабақ Қолөнер шебері

Мен тоқимын
Сен тоқисың
Сіз тоқисыз
Ол тоқиды



ОҚЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ



Оқы. Қайтала.



алқа тоқу



Жаңа сөздер

алқа
сандық
тоқу
бұйым
тері
түсір

Дұрыс айт!

алқа
сандық
тоқу [тоқуу]
бұйым [бұйым]
түсір [түсір]



ТЫҢДАЛЫМ АЙТЫЛЫМ



1-тапсырма. Мәтінді тыңда. Сұрақтарға жауап бер.

- Балнұр оған не сыйлады?
- Балнұр бұйымды неден жасайды?
- Балнұр нені үйретті?
- Ол моншақтан не тоқи алады?



ОҚЫЛЫМ

2-тапсырма. Мәтінді оқы. Жаңа сөздермен сөйлем құра.

Нағашы атам — қолөнер шебері. Ол кісі теріден қамшы тоқиды. Атамның қамшылары көрмеде тұр. Атам туралы кино түсірді. Менің де шебер болғым келеді.



ЖАЗЫЛЫМ

3-тапсырма. Сурет бойынша мәтін құрап жаз.



ЖАЗЫЛЫМ

4-тапсырма. «Кім?», «Қандай?», «Не істеді?» деген сұрақтарға жауап беретін сөздерді бөлек-бөлек бағанға жаз.

Әлібек, ақылды, тоқиды, Саша, тартады, қолөнер, жасайды, еріншек, түсірді, үйретті, нағашы атам, күміс, бояды.



АЙТЫЛЫМ

5-тапсырма. Ақпарат құралдарынан моншақ тоқитын балалар туралы мәлімет жина. Олар моншақтан қандай бұйымдар жасағанын айт. Мына сайттарды пайдалан: <http://khabar.kz> (Моншақ тізген қас шебер — Елдос Әнкей).

Кел, жаттайық!

Мүсінші

Тасқа бедер саламын,
Егеп, қырнап, жонамын.
Шеберлігі шыңдалған
Мен мүсінші боламын.

Рахат Қосбармақов



Есте сақта!

Мен моншақтан сандық жасадым. Ол гүл жасады. Елдос моншақтан әртүрлі бұйымдар жасайды.

8-сабақ Музей қай көшеде?

Музей *қай* көшеде?
Музей Назарбаев көшесінде.
Музей сенбі күні жұмыс істемейді.



ОҚЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ



Оқы. Қайтала.



Дұрыс айт!

Орталық музей
орналасқан



ТЫҢДАЛЫМ АЙТЫЛЫМ



1-тапсырма. Мәтінді тыңда. Мәтінге тақырып қой.



ОҚЫЛЫМ

2-тапсырма. Мәтінді оқы.

Бұл Орталық музей. Ол үлкен, әдемі. Музей күнде жұмыс істейді. Музей тоғызда ашылады, кешкі алтыда жабылады. Орталық музейде көп экспонат бар. Онда оқушылар, студенттер, саяхатшылар жиі келеді.

АЙТЫЛЫМ

3-тапсырма. Үлгі бойынша мәтіндегі сөйлемдерге сұрақ қой.

Үлгі: Бұл не? Орталық музей қандай?

АЙТЫЛЫМ

4-тапсырма. Сөйлем құра.



ЖАЗЫЛЫМ

5-тапсырма. «Қандай?», «қашан?», «қайда?» деген сұрақтардың тиістісін қойып, сөйлемді жаз.

Музейге ... барасың? ... музейлерді білесің? Музей ... ашылады? Музей ... жабылады?

АЙТЫЛЫМ

6-тапсырма. Диалогты толықтырыңдар.

- ...? — Иә, мен музейге бардым.
- ...? — Мен музейге сенбі күні бардым.
- ...? — Иә, мен Орталық музейді білемін.
- ...? — Музейдің іші — үлкен, әдемі.
- ...? — Иә, музей күнде жұмыс істейді.
- ...? — Жоқ, музей алтыда жабылады.

Кел, жаттайық!

Мекені тарих киенің,
Сырыңды ойға түйемін.
Бабалар көзі — музей,
Басымды саған иемін.



Есте сақта!

Музейге барамын. Музейде түрлі тастан жасалған бұйымдар бар.

9-сабақ **Музейдегі көне заттар**

Бұл музей.

Мен музейге бардым
Сен музейге бардың
Сіз музейге бардыңыз
Ол музейге барды

Жаңа сөздер

көне заттар
құмыра
ыдыстар



ОҚЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ



Оқы. Қайтала.



Дұрыс айт!

ыдыстар
алтын
құмыра [құмұра]
айтты



«Алтын адам»



ТЫҢДАЛЫМ АЙТЫЛЫМ

1-тапсырма. Мәтінді тыңда. Түсінгеніңді айтып бер.



ОҚЫЛЫМ

2-тапсырма. Мәтінді оқы. Сұрақтарға жауап бер.

Мен сабақтан соң сыныптас достарыммен бірге Орталық музейге бардым. Гид бізге экспонаттар туралы айтты. Музейде құмыра, кесе және т.б. көне зат көп. Әнелге көне домбыра ұнады. Маған «Алтын адам» ұнады.

1. Әлібек сыныптас достарымен бірге қайда барды?
2. Олар музейде не көрді?
3. Кімге не ұнады?
4. Сен қандай музейге бардың?
5. Саған не ұнады?




ЖАЗЫЛЫМ

3-тапсырма. Суретке қарап, сөйлемдерді толықтыр.

Ол қай күні музейге барады?

Әлібек ... күні музейге барады.

Анна ... күні музейге барады.






ОҚЫЛЫМ ЖАЗЫЛЫМ



4-тапсырма. Оқып, тапсырманы орында.



ОҚЫЛЫМ

5-тапсырма. Сөйлем құра.

Атам
Әжем
Әкем
Анам
Ағам
Досым
Раушан апай



құмыра
кесе
ыдыс
сурет
киім
«Алтын адам»



туралы айтты.



АЙТЫЛЫМ

6-тапсырма. Кеше досыңмен бірге музейге бардың. Сол туралы сөйлесіңдер.



Есте сақта!

Мен музейге бардым. Музейде құмыралар, кеселер, ыдыстар, көне заттар, киімдер бар. Музейде «Алтын адам» бар. Маған музей ұнады.

10-сабақ Саған не ұнады?

Маған музей ұнады
Саған музей ұнады
Сізге музей ұнады
Оған музей ұнады

Жаңа сөздер

ғасыр
бұрын



ОҚЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

Оқы. Қайтала.



Дұрыс айт!

бұрын [бұрұн]
түркі [түркү]



ТЫҢДАЛЫМ АЙТЫЛЫМ

1-тапсырма. Диалогты тыңда. Суретке қарап мазмұнын айтып бер.



ОҚЫЛЫМ

2-тапсырма. Мәтінді оқы.

Бұл кітап музейі. Музейде әртүрлі кітап бар. Мына кітап оныншы ғасырда шыққан. Ол көне түркі тілінде жазылған.

Мынау — екі жүз жыл бұрын шыққан кітап. Ол араб тілінде жазылған.

Музейде қызықты энциклопедия, альбом, электронды кітап көп.

Маған кітап музейі ұнады.



ОҚЫЛЫМ

3-тапсырма. Оқы. Сөйлемдерді мәтін мазмұны бойынша орналастыр.

Маған кітап музейі ұнады.

Мына кітап екі жүз жыл бұрын шыққан.

Бұл кітаптар араб тілінде жазылған.

Музейде көне түркі тіліндегі кітаптар бар.

Алматыда кітап музейі бар.


Музейде қызықты энциклопедия, альбом, электронды кітап көп.



ОҚЫЛЫМ ЖАЗЫЛЫМ



4-тапсырма. Сөйлем құрап, көшіріп жаз.





АЙТЫЛЫМ

5-тапсырма. Суреттерге қарап «Бұл қандай кітап?» деген сұраққа жауап бер.



көне кітап

жаңа кітап

таза кітап

өте ескі кітап



АЙТЫЛЫМ

6-тапсырма. «Сұрақ-жауап» ойыны. Екі топқа бөлініңдер. «Музей» тақырыбы бойынша екі топ бір-біріне сұрақ қойып, жауап берсін. Сұраққа тез әрі дұрыс жауап беру керек. Жауап бере алмаған не сұрағы қате болған топтың ұпайы кемиді.

Кел, жаттайық!

Көне кітап көзіндегі
Ғұламаның кешегі.
Зейін қойсаң ерінбей,
Көп жұмбақты шешеді.



Есте сақта!

Бұл кітап музейі. Музейде он ғасыр бұрын шыққан кітаптар бар.
Мына кітап көне түркі тілінде жазылған.
Мына кітап екі жүз жыл бұрын шыққан.
Ол араб тілінде жазылған.

11-сабақ

Мұхтар Әуезовтің музейі

Мен жақсы көрген+мін
Сен жақсы көрген+сің
Сіз жақсы көрген+сіз
Ол жақсы көрген

Жаңа сөздер

жиһаз



Дұрыс айт!

жиһаз



ОҚЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ



Оқы. Қайтала.



Бұл — Мұхтар Әуезовтің музей-үйі.



ТЫҢДАЛЫМ АЙТЫЛЫМ

1-тапсырма. Мәтінді тыңда. Сұрақтарға жауап бер.

Мұхтар Әуезов кім?

Мұхтар Әуезов музейінде бұрын кім тұрған?

Музейде қандай экспонаттар бар?



ОҚЫЛЫМ

2-тапсырма. Мәтінді оқы.

Мұхтар Әуезовтің музей-үйі екі қабатты. Музейде жеті бөлме бар. Жазушы өзінің жұмыс бөлмесін жақсы көрген. Жұмыс бөлмесінде жеке кітапханасы бар. Онда 6 мыңнан астам кітап сақталған.



ЖАЗЫЛЫМ

2-тапсырма. Қажетті сөздерді қойып жаз.

Қажетті сөздер: жазу, жазушының, бұрын.

- Музей ... жазушының үйі болған.
- Музейде ... заттары бар.
- Мынау — Мұхтар Әуезовтің ... үстелі.



АЙТЫЛЫМ

3-тапсырма. Сөздердің құрамындағы әріптерді пайдаланып, жаңа сөздер құрастыр.

Үлгі: кітапхана – кітап, тап, хан, ана, ін, апа, пана.

Орталық, мемлекеттік, орналасқан, түрлі.



АЙТЫЛЫМ

4-тапсырма. «Кім жылдам?» ойыны.

Екі топқа бөлініңдер. Бір топ тақырып бойынша сөздерді атап, екінші топ сол сөздердің орыс тіліндегі баламасын айтсын. Сөздерді алма-кезек айтыңдар. Тақырыпқа қатысты сөздерді дұрыс атаған, баламасын дұрыс тапқан топ жеңіп шығады.



Есте сақта!

Бұл — Мұхтар Әуезовтің музейі.
Музей бұрын жазушының үйі болған. Онда жазушының киімдері, жиһаздары, қағаз, қаламдары сақталған.

12-сабақ Бұл – Орталық музей


Мен көрсет+ті+м
Сен көрсет+ті+ң
Сіз көрсет+ті+ңіз
Ол көрсет+ті




ОҚЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ



Оқы. Қайтала.



Орталық музей



Кітап музейі



Ұлттық музыка аспаптары музейі



ТЫҢДАЛЫМ

1-тапсырма. Мәтінді тыңдап, тақырып қой.



ЖАЗЫЛЫМ

2-тапсырма. Тірек сөздерді пайдаланып өзің барған музей туралы мәтін құра.

Тірек сөздер: музей, ашылады, жабылады, күнде, демалыс күндері, ыдыс, киім, құмыра, кітаптар, ұнады, үлкен, әдемі.



ОҚЫЛЫМ

3-тапсырма. Диалогты рөлге бөліп оқыңдар.

- Батырхан, сен бүгін қайда бардың?
- Орталық музейге бардым.
- Музейге кіммен бардың?
- Ініммен бардым.
- Ініңе музей ұнады ма?
- Иә, ұнады. Оған музейдегі көне экспонаттар ұнады.



ЖАЗЫЛЫМ

3-тапсырма. Сөздерден сөйлем құра.

Мен	көне заттар	барамын.
Музейде	жүз жыл бұрын	сақталған.
Мына кітап	«Алтын адам»	әдемі.
Мына жерде	өте	бар.
Орталық музей	көне кітаптар	ұнады.
Кітап музейі	маған	орналасқан.
Ол	музейге	бар.
Әр залға	Алматы қаласында	қойылған.
Музейде	түрлі экспонаттар	шыққан.



АЙТЫЛЫМ

4-тапсырма. Сынып үш топқа бөлінсін.

Топбасылар қоржыннан «Орталық музей», «Кітап музейі», «М. Әуезов музей-үйі» деген сөздердің бірін таңдап алсын. Топ сол музей туралы постер жасап, сынып алдында таныстырсын. Сауатты мәтін құраған топ «жеңімпаз» атанады.



Есте сақта!

Мен інімді Орталық музейге апардым. Ініме музей ұнады.

13-14-сабақ Нәтиже сабақ. Мен не үйрендім?



ОҚЫЛЫМ

1-тапсырма. Мәтінді оқып, тақырып қой.

Менің отбасым өнерлі. Атам күмістен сырға жасайды. Қарындасым Гүлсая билейді. Інім Нартай ән үйірмесіне барады. Ағам Әлихан музыка мектебінде оқиды. Досым екеуіміз қолөнер үйірмесіне қатысамыз. Саша екеуіміз қағаздан ойыншық жасадық.

Біз отбасымызбен музейге барып тұрамыз. Атам музейдегі көне заттарға ұқсайтын алқа жасады.



ЖАЗЫЛЫМ

2-тапсырма. Сурет бойынша шағын әңгіме құра.



АЙТЫЛЫМ

3-тапсырма. Сұрақтарға жауап бер.

1. Алматыда қандай музей бар?
2. Орталық музейде қандай көне заттар бар?
3. Мұхтар Әуезовтің музейінде не бар?
4. Музей нешеде ашылады?
5. Кітап музейінде қандай кітаптар бар?
6. Мұхтар Әуезовтің музейі неше қабатты?



ЖАЗЫЛЫМ

4-тапсырма. Жақша ішіндегі сөздердің тиістісін қойып, сөйлемдерді көшіріп жаз.

1. Менің атам (алтыннан, күмістен, темірден) алқа жасайды. 2. Нартай (билегенді, домбыра тартқанды, ән айтқанды) жақсы көреді. 3. Нағашы атам (теріден, қағаздан, ағаштан) қамшы тоқиды. 4. Біз қағаздан әртүрлі (тамақ, кітап, ойыншық) жасадық. 5. Музейде (көне, жыртық, жаңа) кітаптар бар.



АЙТЫЛЫМ

5-тапсырма. Жағдаят: мектепте қолөнер көрмесі болады. Көрмеге өзің жасаған затты апаруың керек. Көршіңмен қандай зат жасайтының туралы ақылдас.



ЖАЗЫЛЫМ

6-тапсырма. Суреттерді пайдаланып сөйлем құра.



Білгенге маржан

- Жігітке жетпіс өнер де аз.
- Шебердің қолы ортақ.
- Өнерліге есік ашық.



Оқушы, бұл модульде:

- тірек сөздерді пайдаланып, мәтін құрау;
- нақты тақырып бойынша досыңмен сұхбат құру;
- суреттерді мәтін мазмұны бойынша орналастыру;
- кейіпкерлердің әрекетін нақтылау үшін сұрақтар қою;
- жаңа сөздерді дұрыс айтып, дұрыс жазуды **үйренесің**.

1-сабақ **Дина күй шертеді**

Мен күй шерте**мін**
 Сен күй шерте**сің**
 Сіз күй шерте**сіз**
 Ол күй шерте**ді**

Мен күйші**мін**
 Сен күйші**сің**
 Сіз күйші**сіз**
 Ол — күйші**і**

Жаңа сөздер

атақты
 ұлы
 дарынды
 күйші
 күй шерту
 ұстаз

ОҚЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

Оқы. Қайтала.



атақты күйші
 күй үйренеді

ұлы күйші
 күй шертеді

дарынды қыз
 күй шығарады



Дұрыс айт!

атақты
 ұлы [ұлұ]
 күйші [күйшү]
 ұстаз



ТЫҢДАЛЫМ АЙТЫЛЫМ

1-тапсырма. Мәтінді тыңда. Тірек сөздерді пайдаланып сұрақтарға жауап бер.

Тірек сөздер: күй шертеді, кішкентай қыз, іздеп келді, күй, үйрету, ұлы күйші.

1. Сөйлесіп отырғандар кімдер?
2. Динаның жасы нешеде?
3. Оны кім іздеп келді?
4. Атақты күйші Динаны не үшін іздеп келді?



ОҚЫЛЫМ


2-тапсырма. Мәтінді оқы. Қою қаріппен жазылған сөздерге сұрақ қой.

Дина Нұрпейісова — қазақтың атақты күйшісі. Ол кішкене кезінен күй шертеді. Динаның ұстазы — ұлы күйші Құрманғазы. Ол дарынды қызға бата береді. Дина ұстазының жолын жалғастырады. Кейін өзі де күй шығарады.




ЖАЗЫЛЫМ

3-тапсырма. Сөйлем құраңдар.



ЖАЗЫЛЫМ

4-тапсырма. «Ол кім?», «Ол не істеді?» деген сұрақтарға жауап беріп, сызбаны толтыр.





АЙТЫЛЫМ

5-тапсырма. Жоспар бойынша күйші Дина туралы мәтін құра.

1. Дарынды қыз
2. Ұстазбен кездесу
3. Күй үйрену
4. Атақты күйші



ОҚЫЛЫМ

6-тапсырма. Сөйлемдерді оқы. Ақпараттың дұрыстығын анықта.

№	сөйлемдер	дұрыс	дұрыс емес
1	Дина — қазақтың атақты күйшісі.		
2	Дина домбыраны тоғыз жасында үйренді.		
3	Дина Құрманғазыны іздеп келді.		
4	Дина Құрманғазыдан күй шертуді үйренеді.		
5	Құрманғазы — Динаның ұстазы.		



АЙТЫЛЫМ

7-тапсырма. «Құрманғазы мен Дина» деген тақырыпта диалог құрыңдар. Диалогта тақырып бойынша берілген жаңа сөздерді пайдаланыңдар.

Кел, жаттайық!

Тарт күйіңді, домбыра!
Төгіл, төгіл, тәтті күй!
Тау суындай сылдыра,
Желпін, желпін, жел соқтыр!



Есте сақта!

Дина кішкене кезінен домбыра тартуды үйренеді. Дарынды қызды ұлы күйші Құрманғазы іздеп келеді. Құрманғазы оған бата береді. Оған күй шертуді үйретеді. Кейін Дина ұстазының жолын жалғастырды.

2-сабақ ТҰҢҒЫШ ҒАЛЫМ

Мен зерттеу жасаймын
Сен зерттеу жасайсың
Сіз зерттеу жасайсыз
Ол зерттеу жасайды

Жаңа сөздер

ТҰҢҒЫШ
ҒАЛЫМ
зерттеу
білімді

ОҚЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

Оқы. Қайтала.



тұңғыш ғалым зерттеу жасау дарынды зерттеуші білімді зерттеуші

ТЫҢДАЛЫМ АЙТЫЛЫМ

1-тапсырма. Мәтінді тыңда. Сұрақтарға жауап бер.

1. Бала Шоқан қандай болды?
2. Ол қайда оқыды?
3. Шоқан нені сүйетін?
4. Кейін Шоқан Уәлиханов қандай адам болды?

Дұрыс айт!

ТҰҢҒЫШ [ТҰҢҒҮШ]
ҒАЛЫМ
білімді

АЙТЫЛЫМ

2-тапсырма. Тірек сөздерді пайдаланып, мазмұнын өз сөзіңмен айт.

Тірек сөздер: Шоқан Уәлиханов, тұңғыш ғалым, дарынды, білімді, Ресейде оқу, әдепті, үйренді.

6. Атақты тұлғалар



ОҚЫЛЫМ

3-апырма. Мәтінді оқы.

Шоқан ұстаздарынан көп білім алды. Олардан зерттеу жасауды үйренді. Ұстаздары да Шоқанды дарынды, білімді бала ретінде бағалады. Шоқанның досы көп болды.



ЖАЗЫЛЫМ

4-тапырма. Көп нүктенің орнына тиісті сөздерді қойып жаз.

Шоқан – қазақтың Ол жас кезінде ... оқыды. Шоқан – өте талантты ... болды. Ол ұстаздарынан ... үйренді.

Керекті сөздер: білімді, Ресейде, тұңғыш ғалымы, зерттеу жасауды.



АЙТЫЛЫМ

5-тапырма. Тыңдалған, оқылған мәтіннен түсінгеніңді жоспар бойынша айт.

1. Бала Шоқан
2. Ұстаздардан үйрену
3. Ұстаздардың бағасы
4. Тұңғыш ғалым



ЖАЗЫЛЫМ

6-тапырма Орны ауысқан әріптерді орнына қойып, дұрыстап жаз.

ғлаым, Рйесе, ерттзу, тланытат, тақтаы, алаб, тңұғшы, ытңзақақ, кйіен.



АЙТЫЛЫМ

7-тапырма. Үлгіге қара. Мәтін мазмұны бойынша диалогты жалғастырыңдар.

- Сәлем, Әлібек!
- Сәлем, Саша!
- Әлібек, Шоқан Уәлиханов кім болған?
-

Кел, жаттайық!

Құйрықты жұлдыз секілді
Туды да көп тұрмады.
Көрген, білген өкінді,
Мін тағар жан болмады.

Абай



Есте сақта!

Бала Шоқан әдепті, ақылды бала болды. Ол Ресейде оқыды. Ол ұстаздарынан зерттеу жасауды үйренді. Шоқан – қазақтың тұңғыш ғалымы.

3-сабақ Шоқан мен мүсінші бала

Мен мүсін жасаймын
Сен мүсін жасайсың
Сіз мүсін жасайсыз
Ол мүсін жасайды

Жаңа сөздер

мүсінші
танымал
әлем

ОҚЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

Оқы. Қайтала.



Дұрыс айт!

мүсінші [мүсіншү]
әлем



мүсін мүсін жасау мүсінші танымал әлем
Ол — әлемге танымал мүсінші.

6. Атақты тұлғалар

43



ТЫҢДАЛЫМ АЙТЫЛЫМ

1-тапсырма. Мәтінді тыңда. Сұрақтарға жауап бер.

1. Шоқан жазғы демалыста қайда келді?
2. Шоқан ауылда кіммен танысты?
3. Шоқан Мысыққа не үшін көмектесті?



АЙТЫЛЫМ

2-тапсырма. Тірек сөздерді пайдаланып, мазмұнын өз сөзіңмен айт.

Тірек сөздер: жазғы демалыс, дарынды бала, жақсы көру, көмектесу.



ОҚЫЛЫМ

3-тапсырма. Мәтінді рөлге бөліп оқыңдар.

- Мына мүсіндерді кім жасады?
- Мен жасадым.
- Керемет! Сен атақты мүсінші боласың. Оқуға барасың ба?
- Әкем де, шешем де жоқ. Қалай барамын?
- Қорықпа, Мысық, мен саған көмектесемін.

Шоқан Мысықты Ресейге өзімен бірге алып кетті. Кейін Мысық әлемге танымал мүсінші болды.





ЖАЗЫЛЫМ

4-тапсырма. Көп нүктенің орнына тиісті сөздерді қойып жаз.

Шоқан ауылға келгенде ... танысты. Мысық ... жасайды. Шоқан Мысықты ... алып кетеді. Кейін Мысық болады.

Керекті сөздер: әлемге танымал мүсінші, мүсін, Мысықпен, Ресейге.



АЙТЫЛЫМ

5-тапсырма. Тыңдалған, оқылған мәтіннен түсінгеніңді жоспар бойынша айт.

1. Танысу
2. Мүсінші бала
3. Дарынды балаға көмек
4. Мысықтың болашағы



ЖАЗЫЛЫМ

6-тапсырма. Мұғалімнің көмегімен Шоқан мен Мысыққа мінездеме жаз.



АЙТЫЛЫМ

7-тапсырма. Жағдаят: інің сенен Шоқан туралы сұрады. Ініңе Шоқан туралы білетіңді айтып бер.

Кел, жаттайық!

Қазақтың жарық жұлдызы
Көгінде ғылым мәңгілік.
Үлгі етеді ұл-қызы,
Айтады атын ән қылып!



Есте сақта!

Шоқан талантты балаларды жақсы көретін, оларға көмектесетін. Шоқан мүсінші бала Мысықпен танысады. Оны Ресейге оқуға әкетеді. Кейін Мысық әлемге танымал мүсінші болады.

4-сабақ бала Абай

Мен ақын боламын
Сен ақын боласың
Сіз ақын боласыз
Ол ақын болады

Жаңа сөздер

ақын
дара
тұлға



ОҚЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ



Оқы. Қайтала.



атақты ақын

бата береді



ТЫҢДАЛЫМ АЙТЫЛЫМ

1-тапсырма. Мәтінді тыңда. Сұраққа жауап бер.



1. Абай кіммен сөйлесті?
2. Абай әжесінен кім туралы сұрады?
3. Қонақтың аты кім? Ол не істейді?
4. Қонақ кімге бата берді?

Дұрыс айт!

ақын
өскен [өскөн]
тұлға



ОҚЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

2-тапсырма. Диалогты рөлге бөліп оқыңдар. Сұрақтарға жауап беріңдер.

1. Абайдың үйіне кім келді?



2. Қонақтың аты кім?



4. Қонақ не істеді?



3. Абайға кім бата берді?



5. Абайдың әжесі қандай адам?



6. Абай өскенде кім болды?



ОҚЫЛЫМ

3-тапсырма. Дулат ақынның Абайға берген батасын оқы. Мұғалімнің көмегімен өлеңнің мағынасын түсін. Батаны жаттап ал.

Шырағым, ержетерсің.
Ержетсең, сірә, не етерсің?
Алысқа шырқап кетерсің,
Шындасаң, шыңға жетерсің.



ЖАЗЫЛЫМ

4-тапсырма. Көп нүктенің орнына тиісті сөзді қойып жаз.

1. Абайдың ауылына Дулат (әнші, ақын) келді.
2. Абай Зере (әжесінен, анасынан) Дулат ақын туралы сұрады. 3. Дулат ақын Абайға (ақылын айтты, бата берді). 4. Абай өскенде (ұлы ақын, атақты мүсінші) болды. 5. Абай – дара (адам, тұлға).

Кел, жаттайық!

Мақал

Жаңбырмен жер көгерер,
Батамен ер көгерер.



Есте сақта!

Абайдың ауылына атақты Дулат ақын келді. Дулат ақын Абайға бата берді. Абайдың әжесі — Зере ақынды құрметтеді.

5-сабақ АБАЙ – ҰЛЫ АҚЫН

Мен өлең жазамын
Сен өлең жазасың
Сіз өлең жазасыз
Ол өлең жазады

Мен қазақ тіліне аудардым
Сен қазақ тіліне аудардың
Сіз қазақ тіліне аудардыңыз
Ол қазақ тіліне аударды

Жаңа сөздер

өмір
шығарма
аударды
ірі



ОҚЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ



Оқы. Қайтала.



ұлы ақын

өлең жазды

қазақ тіліне аударды

ұлы ақынның шығармалары

Ақын өмір, табиғат туралы өлең жазды.

Оның өлеңдері әлемнің отыз үш тіліне аударылды.



ТЫҢДАЛЫМ АЙТЫЛЫМ

1-тапсырма. Мәтінді тыңда. Көп нүктенің орнына қажетті сөздерді қойып, мазмұнын айт.

Абай Құнанбайұлы — қазақтың Ол адам, өмір, ... туралы көп өлең жазды. Абай орыстың ұлы ақындарының өлеңдерін қазақ тіліне... .

ЖАЗЫЛЫМ

2-тапсырма. Көп нүктенің орнына керекті қосымшаны жалғап жаз.

Абай + ...	-ның -дың -тың -нің	өлең +...	-ы -сы -і
ақын + ...		шығарма + ...	
орыс + ...		ақын +...	
қазақ + ...		тіл +...	
әлем + ...		тілдер +...	

ОҚЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

3-тапсырма. Мәтінді оқы. Өзің қалаған үш сөйлемге сұрақ қой.

Абай Құнанбайұлы — ұлы ақын, дара тұлға. Абай өмір, өнер, білім, табиғат туралы өлең жазды. Оның өлеңдерін қазақ халқы сүйіп оқиды.

Абай орыстың танымал, ірі ақындарының өлеңдерін қазақ тіліне аударды. Абайдың шығармалары әлемнің отыз үш тіліне аударылды.

ЖАЗЫЛЫМ

4-тапсырма. Көшіріп жаз. Салыстыр.

өлең жаз+ды	өлең жаз+ыл+ды
өлеңді аудар+ды	өлең аудар+ыл+ды

АЙТЫЛЫМ

5-тапсырма. Үлгіге қара. Мәтін мазмұны бойынша диалогты жалғастырыңдар.

Үлгі:

- Саша, сен Абай Құнанбайұлы туралы не білесің?
- Абай Құнанбайұлы — қазақтың ұлы ақыны, дара тұлға.
- Оның өлеңдері не туралы?
- ...

ЖАЗЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

6-тапсырма. Абай туралы ақпарат тап. «Абай — қазақтың ұлы ақыны» тақырыбында постер жаса. Жаңа сөздерді қолдан.



Есте сақта!

Абай Құнанбайұлы — ұлы ақын. Абай өмір, білім, табиғат туралы өлең жазды. Абай орыс ақындарының өлеңдерін қазақ тіліне аударды. Абайдың өлеңдері әлемнің отыз үш тіліне аударылды.

6-сабақ ТҰҢҒЫШ ҰСТАЗ



ОҚЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ



Оқы. Қайтала.



Ыбырай Алтынсарин — тұңғыш ұстаз.



ТЫҢДАЛЫМ АЙТЫЛЫМ



1-тапсырма. Диалогты тыңда. Дұрыс ақпаратты анықта.

Ыбырай Алтынсарин — мүсінші.

Ыбырай Алтынсарин — ұстаз.

Ғалымның музейі Семей қаласында орналасқан.

Жаңа сөздер

жаңалық
әңгіме
жеке



Дұрыс айт!

әңгіме
ТҰҢҒЫШ [ТҰҢҒҰШ]



ОҚЫЛЫМ

2-тапсырма. Мәтінді оқы. Мәтінге тақырып қой.

Ыбырай Алтынсарин — қазақ балалар әдебиетінің атасы. Ол балаларға арнап көп әңгіме жазған. Ыбырай Алтынсарин қазақ даласына жаңалық әкелді. Ол мектеп ашты. А. Байтұрсынұлы, С. Көбеевтер сол мектепті бітірді. Ол орыс ғалымдары В. В. Григорьев, Н. И. Ильминскиймен дос болған. Ыбырай Алтынсарин — ұлы ұстаз, дара тұлға.



АЙТЫЛЫМ

3-тапсырма. Диалогты толықтыр.

-
- Ыбырай Алтынсарин — қазақ балалар әдебиетінің атасы.
-
- Ыбырай Алтынсарин қазақ даласына жаңалық әкелді.
-
- Ыбырай Алтынсарин орыс ғалымдары — В. В. Григорьев, Н. И. Ильминскиймен дос болған.



ЖАЗЫЛЫМ

4-тапсырма. Төмендегі тірек сөздерді пайдаланып, мәтін құрастыр.

Тірек сөздер: Ыбырай Алтынсарин, оның, балаларға, ашқан, ол, ұстаз, әңгіме, мектеп, дара.



АЙТЫЛЫМ

5-тапсырма. Суреттегі Ыбырай Алтынсарин салдырған Торғай қаласындағы мектеп пен өз мектебіңді салыстырып, әңгіме құра.



Есте сақта!

Ыбырай Алтынсарин балаларға арнап көп әңгіме жазған. Ол кісі — балалар әдебиетінің атасы.

7-сабақ Кел, балалар, оқылық!

Менің тілегенім
Сенің тілегенің
Сіздің тілегеніңіз
Оның тілегені

Жаңа сөздер

шырақ
ықылас



ОҚЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ



Оқы. Қайтала.



Кел, балалар, оқылық!



Ыбырай Алтынсариннің
Қостанай облысы Жанкелді ауданы
Торғай ауылындағы ескерткіші



ТЫҢДАЛЫМ АЙТЫЛЫМ

1-тапсырма. Мәтінді тыңда. Сұрақтарға жауап бер.

- Ыбырай Алтынсариннің музейі неге ұқсайды?
- Музейде қандай заттар бар?
- Музейдегі қонақбөлме қалай аталады?



Дұрыс айт!

шырақ
ықылас



ЖАЗЫЛЫМ

2-тапсырма. Көп нүктенің орнына тиісті қосымшаларды қойып жаз.

Менің тілеген...
Сенің тілеген...

Сіздің тілеген...
Оның тілеген...



ОҚЫЛЫМ

3-тапсырма. Өлеңді мәнерлеп оқы. Жаттап ал.

Кел, балалар, оқылық,
Оқығанды көңілге
Ықыласпен тоқылық.
Оқысаңыз, балалар,
Шамнан шырақ жағылар,
Тілегенің алдыңнан
Іздемей-ақ табылар.

Ы. Алтынсарин



ЖАЗЫЛЫМ

4-тапсырма. Көп нүктенің орнына тиісті қосымшаларды қойып жаз.

1. Кел, бала..., оқылық. 2. Ыбырай Алтынсарин — балалар әдебиеті... атасы.
3. Ыбырай мектеп... жақсы оқиды. 4. Ыбырай Алтынсарин орыс ғалымдары...
дос болған.

Тиісті қосымшалар:

-мен	-лар	-нің	-те
------	------	------	-----



АЙТЫЛЫМ

5-тапсырма. Сурет бойынша мәтін құра.



Есте сақта!

Мен «Кел, балалар,
оқылық!» өлеңін
жаттадым. Ыбырай
Алтынсарин бұл
өлеңінде балаларды
оқуға шақырған.



8-сабақ бауыржан — батыр



ОҚЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ



Оқы. Қайтала.



Дұрыс айт!

балуан [балұуан]
жазушы [жазұушұ]
шыфарма

Бауыржан Момышұлы — батыр.



ТЫҢДАЛЫМ АЙТЫЛЫМ

1-тапсырма. Мәтінді тыңда. Сұрақтарға жауап бер.

1. Бауыржан Момышұлы кім?
2. Ол қандай соғысқа қатысқан?
3. Бауыржан Момышұлы жазушы ма?

АЙТЫЛЫМ

2-тапсырма. Мәтінді оқы. Қазақтан шыққан тағы қандай батырларды білесің?

Біз Бауыржан Момышұлын батыр ретінде тануымыз. Ол көптеген өлең, кітаптар да жазған. Бауыржан Момышұлы соғыс кезінде «Жазушыға», «Ана тілін ардақта», «Досыма» деген өлеңдер шығарған. Ол — «Мәскеу үшін шайқас», «Куба әсерлері» атты кітаптардың да авторы.

ЖАЗЫЛЫМ

3-тапсырма. Төмендегі сөздерді қатыстырып, сөйлем құра.

батыр

балуан

жазушы

Бауыржан

қатысу

қазақ

өнер

көше

ЖАЗЫЛЫМ

4-тапсырма. Көп нүктенің орнына қажетті әріптерді қой.

б...лу...н

б...ты...

...лең

ш...ғар...а

к...т...п

ж...зу...ы

...н...р

АЙТЫЛЫМ

5-тапсырма. Өзің тұратын жерде қандай батырлар бар? Сол кісілер туралы айтып бер.



Есте сақта!

Бауыржан Момышұлы — қазақтың батыры, жазушы. Ол Ұлы Отан соғысына қатысқан.

9-сабақ ҚАЗАҚТЫҢ ҚАҺАРМАН ҰЛЫ



ОҚЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ



Оқы. Қайтала.

Жаңа сөздер

қаһарман
ою



Бауыржан Момышұлының ескерткіші.
Астана



Бауыржан Момышұлының отбасы



Бауыржан Момышұлының музейі



ТҮҢДАЛЫМ АЙТЫЛЫМ



1-тапсырма. Мәтінді тыңда. Сұрақтарға жауап бер.

- Бауыржан атаның ұлының аты кім?
- Ол жазушы ма?
- Зейнеп Ахметова кім?



Дұрыс айт!

қаһарман
[қахарман]
ою [ойуу]



ЖАЗЫЛЫМ

2-тапсырма. Суреттің орнына қажетті сөздерді қойып, Бауыржан Момышұлының нақыл сөздерін жаз.

Намысты



-ға сатпа.



-ды қамыс, ерді намыс өлтіреді.

Ағаш көркі —



, адам көркі — шүберек.

Отан үшін



-қа түс, күймейсің.



— қорқақ, қол — батыр.



ОҚЫЛЫМ

3-тапсырма. Мәтінді оқы.

Бауыржан Момышұлы суретті жақсы салған. Өзі салған автопортретінің бірнеше нұсқасы бар. Әр дәптерінің бетіне де түрлі суреттер салып отырған. Бауыржан ата ою да ойған. Әр оюдың артында қашан ойылғаны туралы мәлімет бар. Бауыржан атаның оюларын келіні – Зейнеп Ахметова жинаған.



ЖАЗЫЛЫМ

4-тапсырма. Сөздерден сөйлем құрап жаз.

1. Батыр ұлдарының қазақтың Бауыржан Момышұлы — бірі. 2. Ұлы Отан ол қатысқан соғысына. 3. Деген атқа ие «Халық қаһарманы» болған. 4. Балуан және жазушы ол болған адам. 5. Көше бар Алматы қаласында Бауыржан Момышұлының атында. 6. «Жазушыға», «Ана тілін ардақта», «Досыма» оның соғыс уақытында жазған деген өлеңдері бар.



АЙТЫЛЫМ

5-тапсырма. Жағдаят: Әмина әжей немересі Батырханмен бірге Бауыржан Момышұлы ескерткішінің алдына суретке түсті. Екеуі Бауыржан Момышұлы туралы сөйлесті. Әмина әжей мен Батырхан не деуі мүмкін? Көршіңмен диалог құр.

Диалогқа керекті тірек сөздер: балуан, батыр, жазушы, белгілі, Ұлы Отан соғысы.



ЖАЗЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

6-тапсырма. Ғаламтор мен бұқаралық ақпарат құралдарын пайдаланып, Бауыржан Момышұлы туралы фотоколлаж дайында. Фотоколлажды сыныпта қорға.



Есте сақта!

Бауыржан Момышұлы суретті жақсы салған. Бауыржан атаның оюы да көп.

10-сабақ Бұл кісі – суретші



ОҚЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

Оқы. Қайтала.



Ə. Қастеев «Түрксіб»



Əбилхан Қастеевтің музей-үйі

Жаңа сөздер

дарын
үнемі
тұлға
туынды



Дұрыс айт!

үнемі (үнемі)
тұлға



Əбилхан Қастеев — атақты суретші.



ТЫҢДАЛЫМ АЙТЫЛЫМ



1-тапсырма. Диалогты тыңда. Сұрақтарға жауап бер.

- Әбілхан Қастеев – кім?
- Ол кісі туралы не білесің?
- Ә. Қастеевтің қандай туындысы бар?



ОҚЫЛЫМ

2-тапсырма. Диалогты рөлге бөліп оқыңдар.

— Анашым, мына суреттерге қараңызшы. Өте әдемі! — деді Әли.

Анасы:

— Иә, балам. Бұл — Әбілхан Қастеевтің туындылары. Ол кісі — атақты суретші, — деп жауап берді.

— Маған «Түрксіб» ерекше ұнады. Менің де сурет салғым келеді.

— Әбілхан Қастеев секілді сурет салғың келсе, көп оқып, сурет салып үйрену керек. Қастеев — ұлы тұлға.

— Әрине, анашым. Мен сабақты жақсы оқимын. Сурет салуды үйренемін.

— Айналайын, ақылдым менің! Онда ертең бейнелеу өнері үйірмесіне жазыламыз. Жарай ма?

Әли қуанып:

— Алақай! Мен де суретші боламын! — деді.



ЖАЗЫЛЫМ

3-тапсырма. Көп нүктенің орнына тиісті сөздерді қойып жаз.





АЙТЫЛЫМ

4-тапсырма. Төмендегі әріптерден сөз құрастыр. Ол сөздерді пайдаланып шағын әңгіме құра.



ЖАЗЫЛЫМ

5-тапсырма. Көп нүктенің орнына тиісті әріптерді қойып жаз.

Менің сур...тші бол...ым ке...еді. Таб...ғат...ы бе...нелеген...і ұна...амын.
Анам...ың су...етін салға...ды да ер...кше жақ...ы к...рем. Т...рлі түс...і қа...ын-
дашт...рым мен бо...уларым бар.



АЙТЫЛЫМ

6-тапсырма. Суретші болу үшін не істеу керек? Сызбаны толықтыр. Ойыңды дәлелде.



Есте сақта!

Әбілхан Қастеев — атақты суретші. Менің де суретші болғым келеді. Ол кісінің «Түрксіб» деген атақты туындысы бар.

11-сабақ Тасқа сурет салған бала

ОҚЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

Оқы. Қайтала.

Жаңа сөздер

тас қашау



Дұрыс айт!

тас қашау



Ә. Қастеев «Амангелді сарбаздары»

ТЫҢДАЛЫМ АЙТЫЛЫМ

1-тапсырма. Мәтінді тыңда. Тірек сөздерді пайдаланып мазмұнын өз сөзіңмен айт.

Тірек сөздер: мектепте, дәптерлеріне, сурет салып берген, ою ойған, ауыл адамдары, Түркісіб теміржолы, оқуға жіберген.

ЖАЗЫЛЫМ

2-тапсырма. Төмендегі сөздерге «кім?», «не?» деген сұрақтарды қой. Оларды екі бағанға топтастырып жаз.

Талант, Әбілхан Қастеев, суретші, тұлға, қарындаш, бояу, туынды.

кім?	не?



ОҚЫЛЫМ

3-тапсырма. Мәтінді оқы.

Әбілхан Қастеев кішкене кезінде алғашқы суреттерін тастың бетіне қашап салған. Тастың бетіне арқар, аттың суреттерін салған. Жұмсақ тастардан сырға, сақина, моншақ жасаған. Оның жасаған әдемі заттарын ауыл адамдары таласып алған.



ОҚЫЛЫМ


4-тапсырма. Кестедегі сөздерді сәйкестендіріп оқы.

шығарма	оқимын
атақты	сурет
үнемі	суретші
Халық	тұлға
көркем	туынды
әдемі	қаһарманы
дарынды	жазған
ерекше	өнер



ЖАЗЫЛЫМ

5-тапсырма. Сурет салуда қолданылатын құралдарды ата. Суретті пайдаланып сөйлем құра.



АЙТЫЛЫМ

6-тапсырма. «Суретші болғым келеді» тақырыбына ауызша әңгіме құра.



ОҚЫЛЫМ ЖАЗЫЛЫМ

7-тапсырма. Алматы қаласындағы Әбілхан Қастеевтің музей-үйі туралы ақпарат жина. Музей туралы көршіңмен диалог құр.



Есте сақта!

Әбілхан Қастеев алғашқы суреттерін тастың бетіне қашап салған. Ол тастан алқа, моншақ жасаған.

12-сабақ **Нәтиже сабақ.** Мен не үйрендім?



ОҚЫЛЫМ

1-тапсырма. Мәтінді оқы. Мәтінге тақырып қой. Сұраққа жауап бер.


Мен ұлы адамдар туралы кітап оқыдым. Дина Нұрпейісова, Шоқан Уәлиханов, Абай Құнанбайұлы, Бауыржан Момышұлы, Ыбырай Алтынсарин, Әбілхан Қастеев туралы білдім. Дина Нұрпейісованың күйлерін тыңдадым. Шоқан Уәлиханов салған суреттерді көрдім. Ол суретті өте жақсы салған. Абай Құнанбайұлының өлеңдерін оқыдым. Ініммен бірге Ыбырай Алтынсарин шығармалары бойынша түсірілген мультфильмдерді көрдім. Әбілхан Қастеевтің суреттері әдемі екен.

- Ал сен бұл кісілер туралы не білесің? Айтып бер.



ЖАЗЫЛЫМ

2-тапсырма. Диаграмманы толтыр.





ЖАЗЫЛЫМ

3-тапсырма. Әбілхан Қастеевтің туындысы бойынша мәтін құра.



ТЫҢДАЛЫМ ЖАЗЫЛЫМ



4-тапсырма. <http://www.ikitap.kz> сайтынан Ыбырай Алтынсариннің «Асыл шөп» атты әңгімесін тыңда. Әңгімеге қатысты 4-5 сөйлем жаз.



АЙТЫЛЫМ

5-тапсырма. Сенің өлкеңде туған ұлы тұлғалар туралы ақпарат жина. Бір тұлға туралы фотоколлаж дайында.

Білгенге маржан

- Күш білімде, білім кітапта.
- Ұлының өзімен кездеспесең де, сөзімен кездесуге асық.



Оқушы, бұл модульде:

- суға, оның қалпына қатысты сөздерді дұрыс қолдану;
- тірек сөз, сурет, жоспар бойынша баяндау;
- құбылыстарды, заттарды сипаттау;
- сұрақ қойып, диалог құруды үйренесің.

1-сабақ Судың пайдасы

Мен бақша суардым
 Сен бақша суардың
 Сіз бақша суардыңыз
 Ол бақша суарды

Жаңа сөздер

көмектесші
 шөлдеді
 суару

ОҚЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

Оқы. Қайтала.

ТЫҢДАЛЫМ

1-тапсырма. Мәтінді тыңда. Тірек сөздерді пайдаланып мәтін не туралы екенін айт.

Тірек сөздер: сусыз, өмір сүру, ішеді, дайындайды, жуынады, тазалайды.

ОҚЫЛЫМ

2-тапсырма. Мәтінді рөлге бөліп оқыңдар.

Адам бақша өсірді. Бақша шөлдеді.

Адам Суға:

— Су, сен әдемісің, тазасың, көңілдісің. Маған көмектесші, — деді.

Су:

— Жарайды, — деді.

Су Адамға көмектесті. Су бақшаны суарды.

Адам Суға:

— Рақмет саған, Су! — деді.



АЙТЫЛЫМ

3-тапсырма. Суретті пайдаланып жауап бер.

АДАМ НЕ ӨСІРДІ?



Дұрыс айт!

суару [сұуаруу]
көмектесші [көмөктешші]
шөлдеді [шөлдөдү]



ЖАЗЫЛЫМ

4-тапсырма. Суреттердің орнына қажетті сөздерді қойып жаз.

Адам



өсірді.

Адам



өсірді.



АЙТЫЛЫМ

5-тапсырма. Сөйлемдерді ретімен орналастырып, оқы.

1. Маған көмектесші, — деді.
2. Рақмет саған, Су!
3. Адам бақша өсірді.
4. Адам Суға: Су, сен әдемісің, тазасың, көңілдісің, — деді.
5. Су: Жарайды, — деді.
6. Бақша шөлдеді.



ЖАЗЫЛЫМ

6-тапсырма. Көп нүктенің орнына қажетті сөздерді қойып жаз.

1. Адам (гүл, бақша) өсірді. 2. Бақша (айтты, шөлдеді). 3. Су бақшаны (көрді, суарды). 4. Су адамға (көмектесті, айтты).



АЙТЫЛЫМ

7-тапсырма. Сұрақтарды пайдаланып диалог құрыңдар.

1. Су кімге көмектесті?
2. Адам не өсірді?
3. Су нені суарды?
4. Адам Суға неге рақмет айтты?

Кел, жаттайық!

Су — тіршіліктің көзі,
Су — өмірдің өзі.



Есте сақта!

Адам бақша өсірді.
Бақшаны суарды.
Адам Суға рақмет айтты.

2-сабақ Суды үнемде

Мен суды үнемдеймін
Сен суды үнемдейсің
Сіз суды үнемдейсіз
Ол суды үнемдейді



ОҚЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ



Оқы. Қайтала.



Суды үнемде!
Суды ластама!
Суды төкпе!



ТЫҢДАЛЫМ

1-тапсырма. Мәтінді тыңда. Тірек сөздерді пайдаланып Әлидің не істегенін айт.

Тірек сөздер: төк, төкпе, үнемде.



ОҚЫЛЫМ

2-тапсырма. Мәтінді оқы.

Әлемде ащы су көп, тұщы су аз. Біз ащы суды ішпейміз. Тұщы суды ішеміз, тамаққа пайдаланамыз.

Суды ластама! Суды үнемде, төкпе! Тамшыдан теңіз құралады. Судың да сұрауы бар. Сен суды қалай үнемдейсің?

Жаңа сөздер

тұщы су
үнемдеу
ласта /ластама
төк/төкпе
тамшы
теңіз



Дұрыс айт!

тұщы су
[тұщұ сұу]
үнемдеу
[үнемдөу]
ласта /ластама
төк /төкпө
тамшы
теңіз



ЖАЗЫЛЫМ

3-тапсырма. Сөздерге тиісті қосымшаларды жалғап жаз.

Ласта... (-ма, -ме), төк...(-па, -пе), айт...(-пе, -па), көр...(-ме, -ма), кет...(-па, -пе), қал... (-ма, ме).



ЖАЗЫЛЫМ

4-тапсырма. Суретті пайдаланып сөйлемдерді толықтыр.

1. Мен суды ...



4. Ол сумен ...



2. Мен сумен ...



5. Біз сумен ...



3. Сіз сумен ...



6. Біз сумен ...



ОҚЫЛЫМ ЖАЗЫЛЫМ

5-тапсырма. Қажетті сөздерді орнына қойып жаз.

Қажетті сөздер: ащы, тұщы.

1. Әлемде ... су көп. 2. Әлемде ... су аз. 3. Адамдар ... суды ішпейді.
4. Адамдар ... суды ішеді, тамаққа пайдаланады.



АЙТЫЛЫМ

6-тапсырма. Үйде суды қалай үнемдейсің?

Кел, жаттайық!

Ащы жеген Тазша баланың
аузы ашыды,
Тазша бала тұщы сумен аузын
шайды.



Есте сақта!

Суды ластама! Суды
үнемде, төкпе! Тамшыдан
теңіз құралады. Судың да
сұрауы бар.

3-сабақ Ағаш сүмен өседі

Мен ағаш отырғызамын
Сен ағаш отырғызасың
Сіз ағаш отырғызасыз
Ол ағаш отырғызарды

Жаңа сөздер

айнала
отырғызу
әрине



ОҚЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ



Оқы. Қайтала.



мектептің айналасы

алма

ағаш отырғызамыз



ТЫҢДАЛЫМ

1-тапсырма. Мәтінді тыңда. Сұрақтарға жауап бер.

1. Мәтін не туралы?
2. Мектеп неше қабатты?
3. Мектептің айналасы қандай?



ОҚЫЛЫМ

2-тапсырма. Мәтінді оқы. Мәтіннен жаңа сөздерді тап.

Біз сенбі күні мектептің айналасына ағаш отырғызамыз. Мұғалім ағаш әкеледі. Біз алма, алмұрт, шырша ағаштарын отырғызамыз. Ағаштар да шөлдейді. Сабақтан кейін ағаштарды суарамыз. Ағаштар сумен өседі.



шырша

алмұрт

алма



Дұрыс айт!

қайың
ағаш
айнала
отырғыз
әріне

АЙТЫЛЫМ

3-тапсырма. Мәтін бойынша сұрақтарға жауап бер.

1. Мектептің айналасында балалар не істеді?
2. Мұғалім не істейді?
3. Балалар қандай ағаштарды отырғызады?
4. Балалар ағаштарды қашан суарады?
5. Ағаштар немен өседі?

ЖАЗЫЛЫМ

2-тапсырма. Көп нүктенің орнына тиісті сөздерді қойып, көшіріп жаз.

Мен ағаш
Сен ағаш ... ба?
Сіз ... отырғызасыз.
Ол ... әкелді.



АЙТЫЛЫМ

5-тапсырма. Суретке қарап, жауап бер. Мектептің айналасында не бар?



ОҚЫЛЫМ

6-тапсырма. Диалогты толықтырып оқы.

- Ата, мынау ... ағаш?
- Бұл алмұрттың
- Ал ... қандай ағаш?
- Бұл шырша. Ал мынау
- Мен шыршаны
- Міне, ал.
- Ата, ағаштар шөлдей ме?
- Әрине, балам. Қазір ағаштарды суарамыз. Ағаш сумен өседі.

Кел, жаттайық!

Жақсылықты қолдаймыз,
Табиғатты қорғаймыз.
Тал егеміз бақтарға,
Айналасын қоршаймыз.

Бақдәулет Төлебаев



Есте сақта!

Бұл алмаағаш.
Мектептің айналасына
ағаш отырғызамыз.
Ағаштар шөлдейді. Біз
ағаштарды суарамыз. Ағаш
сумен өседі.

4-сабақ ҚҰДЫҚТЫҢ СУЫ ТҰШЫ

Мен арамшөп жүл^дым
Сен арамшөп жүл^дың
Сіз арамшөп жүл^дыңыз
Ол арамшөп жүл^ды

ОҚЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

Оқы. Қайтала.



Құдық
терең

Жаңа сөздер

жер
қопсыту
арамшөп
иісі
дәм
терең

Дұрыс айт!

жер
қопсыту [қопс^ұт^ұу]
арамшөп
иісі [й^іісі]
дәм
терең
құдық [құд^ұқ]

ТЫҢДАЛЫМ

1-тапсырма. Мәтінді тыңдап, қайтала.

ОҚЫЛЫМ

2-тапсырма. Мәтінді түсініп оқы. Жаңа сөздерді анықта.

Біздің бақшада алмаағаш, алмұрт ағашы өседі. Әкем жерді қопсытады. Біз арамшөп жұламыз. Бақшаның иісі керемет! Бақшада құдық бар. Құдық терең, суы тұщы. Судың дәмі жоқ. Бақшаны құдық суымен суарамыз.

7. Су — тіршілік көзі



ЖАЗЫЛЫМ

3-тапсырма. Көп нүктенің орнына қажетті сөздерді қойып жаз.

Қажетті сөздер: алмағаш, тұщы, қопсытады, терең, арамшөп, дәмі, құдық.

1. Бақшада ... өседі. 3. Әкем жерді 3. Біз ... жұламыз. 4. Бақшада ... бар.
5. Құдық 6. Құдықтың суы Судың ... жоқ.



АЙТЫЛЫМ

4-тапсырма. Сурет бойынша диалог құрыңдар.





ЖАЗЫЛЫМ

5-тапсырма. Көп нүктенің орнына тиісті қосымшаларды қойып көшір.

Мен жерді қопсыт ...
Сен жерді қопсыт ...
Сіз жерді қопсыт ...
Ол жерді қопсыт ...

Біз арамшөп жүл ...
Сендер арамшөп жүл ...
Сіздер арамшөп жүл ...
Олар арамшөп жүл ...

Тиісті қосымшалар:

-тым	-тың	-тыңыз	-ты
-дық	-дыңдар	-дыңыздар	-ды



АЙТЫЛЫМ

6-тапсырма. Жоспарға сүйеніп, мазмұнда.

1. Бақшада өсетін ағаштар
2. Бақшадағы жұмыс
3. Құдық суы
4. Бақша суару

Кел, жаттайық!

Көктем келді, көшет ектім,
Су да құйдым, жайнап өссін.
Жазда салқын самал ессін,
Күзде жейтін жеміс берсін!



Есте сақта!

Жерді қопсытамыз.
Арамшөп жұламыз.
Құдықтың суы тұщы.
Судың иісі жоқ. Құдық
терең.

5-сабақ Су денсаулыққа пайдалы

Мен сусын ішемін
Сен сусын ішесің
Сіз сусын ішесіз
Ол сусын ішеді



ОҚЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ



Оқы. Қайтала.



Суды қайнатып іш.




жағажай



Дұрыс айт!

емдеу
жағажай
сусын [сұусұн]
қайнат
әрийне



сусын

ТЫҢДАЛЫМ

1-тапсырма. Мәтінді тыңда. Тірек сөздерді пайдаланып түсінгеніңді айт.

Тірек сөздер: жағажай, сусын.

ОҚЫЛЫМ

2-тапсырма. Мәтінді рөлге бөліп оқыңдар.

Әлібек жазда жағажайға барды. Күн ыстық. Ол шөлдеп, суық сусын ішті. Оның тамағы ауырып, дәрігерге барды.

Дәрігер:

— Суық сусын іштің бе? — деп сұрады.

Әлібек:

— Иә, суық сусын іштім, — деп жауап берді.

Дәрігер:

— Әрине, ауырасың. Суық сусын ішпе. Суды қайнатып іш. Су пайдалы, — деді.

Дәрігер Әлібекті емдеді.

АЙТЫЛЫМ

3-тапсырма. Мазмұн желісі бойынша суреттің ретін айт.





ЖАЗЫЛЫМ

4-тапсырма. Көп нүктенің орнына қажетті сөздерді қойып, көшіріп жаз.

Қажетті сөздер: сусын, жағажайға, қайнатып, ауырды, емдеді.

1. Әлібек ... барды. 2. Ол ... ішті. 3. Оның тамағы 4. Дәрігер: «Суды ... іш», — деді. 5. Дәрігер Әлібекті



АЙТЫЛЫМ

5-тапсырма. Жоспарға сүйеніп мәтінді мазмұнда.

Жоспар.

1. Әлібек жағажайда
2. Салқын сусын
3. Әлібекті емдеу
4. Дәрігердің кеңесі



АЙТЫЛЫМ

6-тапсырма. Сұрақтарды пайдаланып диалог құрыңдар.

1. Әлібек қайда барды?
2. Ол жағажайда не ішті?
3. Дәрігер қандай кеңес берді?

Кел, жаттайық!

Су — өмірдің нәрі.



Есте сақта!

Жағажайға барамын.
Салқын сусын ішпе. Суды
қайнатып іш.
Дәрігер емдейді.

6-сабақ АДАМДАР МЕН ӨЗЕН (СЕРТЕГІ)



ОҚЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

Оқы. Қайтала.

Жаңа сөздер

өзен
дәмді
асты
көлшік
айналады



ТЫҢДАЛЫМ

1-тапсырма. Мәтінді тыңда. Қандай жаңа сөздерді естідің? Мәтінде не туралы айтылды?



ОҚЫЛЫМ

2-тапсырма. Мәтінді рөлге бөліп оқыңдар.

Баяғыда, Өзен болыпты. Адамдар Өзенге:
 — Өзен, суың қандай дәмді! — дейді.
 Өзен:
 — Рақмет! — дейді.
 Өзен адамдарға су береді. Ағаштар мен гүлдер су ішеді.
 Адамдар Өзенді ластайды. Қоқыс тастайды. Өзеннің астына қоқыс жиналады. Өзен көлшікке айналады. Ол адамдарға ренжиді.



Дұрыс айт!

өзен
 [өзән]
 дәмді
 асты
 көлшік [көлшүк]
 айналады [айналат]



ОҚЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

3-тапсырма. Мәтінді оқы. Сұраққа жауап бер.

Бұл сөзді кім (не) айтты?

Суың қандай дәмді!
 Рақмет!

(Адамдар, Өзен)



ЖАЗЫЛЫМ

4-тапсырма. Суреттерге қара. Суретті сөзбен жазып, сөйлемдерді толықтыр.

Адамдар:



суың дәмді, — дейді.

Адамдар Өзенге



тастайды.

Өзен



-ке айналады.

АЙТЫЛЫМ

5-тапсырма. Төменде берілген адам мен Өзеннің әрекеттерін анықта, айт.

Әрекеттер:

1. Суың қандай дәмді! — дейді.
2. Рақмет! — дейді.
3. Су береді.
4. Ағаштар, гүлдер су ішеді.

5. Өзеннің астына қоқыс жиналады.
6. Ластайды.
7. Көлшікке айналады.
8. Ренжиді.

Адамдардың әрекеті:	Өзеннің әрекеті:
1.	1.
2.	2.

Кел, жаттайық!

Таулардан өзен ағар сарқыраған,
Айнадай сәуле беріп жарқыраған.
Жел соқса, ыстық соқса, бір қалыпта,
Аралап тау мен тасты арқыраған.

Ыбырай Алтынсарин



Есте сақта!

Өзеннің суы дәмді.
Адамдар Өзенге қоқыс тастайды. Өзеннің астына қоқыс жиналады. Өзен ренжиді. Ол көлшікке айналады.

7-сабақ Мейірімді Өзен (Сертегінің жалғасы)



ОҚЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ



Оқы. Қайтала.

Жаңа сөздер

ақ [ағып кетеді]
беті
қатады
мұз



ағып кетеді
қатады
мұз болады



ТЫҢДАЛЫМ

1-тапсырма. Мәтінді тыңда. Тірек сөздерді пайдаланып қыста судың беті қандай болатынын айт.

Тірек сөздер: беті, қатады, мұз.

ОҚЫЛЫМ

2-тапсырма. Мәтінді түсініп оқы.

Өзен адамдарға ренжиді. Ол суық жерге ағып кетеді. Өзеннің беті қатады. Мұз болады.

Адамдар Өзенге келеді:

— Өзен, бізді кешір. Ренжімеші! — дейді.

Қоқысты тазалайды. Мейірімді Өзен кешіреді.



Дұрыс айт!

ақ (ағып кетет)

беті


қатады [қатат]

мұз

АЙТЫЛЫМ

3-тапсырма. Суреттерге қарап сұраққа жауап бер.

ӨЗЕН КІМДЕРГЕ РЕНЖИДІ?



АЙТЫЛЫМ

4-тапсырма. Мәтінді оқып, анықта.

1. Мына сөзді кім (не) айтқанын анықта:

— Бізді кешір. Ренжімеші!

2. Кім (не) ренжиді, мұз болады, қатады, кешіреді?



ЖАЗЫЛЫМ

5-тапсырма. Суретті сөзбен жазып, сөйлемді толықтыр.



1.

адамдарға ренжиді.



2. Өзеннің

қатады. 3. Өзен



болады.

АЙТЫЛЫМ

6-тапсырма. Сұрақтарға жауап беріп, диалог құрыңдар.

1. Өзен неге ренжиді?
2. Өзен қандай болады?
3. Адамдар өзенге не дейді?

АЙТЫЛЫМ

7-тапсырма. Жағдаят: сен досыңды ренжітіп алдың. Кешірім сұра. Мәтіндегі сөздерді пайдалан.

Кел, жаттайық!

Жұмбақ

Аузы жоқ, сыңғырлайды, күледі,
Онсыз бірақ жер бетінде тірлік жоқ.



Есте сақта!

Өзен ағып кетеді. Оның беті
қатады, мұз болады.
Кешір, ренжімеші!

8-сабақ Мақтаншақ Көлшік



ОҚЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

Оқы. Қайтала.



буға айналды



көлшік кеуіп қалды



ТЫҢДАЛЫМ

1-тапсырма. Мәтінді тыңдап, түсінгеніңді айт.



ОҚЫЛЫМ

2-тапсырма. Мәтінді түсініп оқы.

Жазда жаңбыр жиі жауды. Құдықтың айналасына Көлшік пайда болды. Ол: «Мен көлмін!» — деп мақтанды. Күзде Көлшіктің суы азаяды. Оның суы буға айналады. Ол шөлдейді. Мақтаншақ Көлшік кеуіп қалады. Құдық қалады.



Дұрыс айт!

мақтанды
мақтаншақ
бу [бұу]
кеууіп қалады

7. Су — тіршілік көзі



АЙТЫЛЫМ

3-тапсырма. Мәтіннің мазмұны бойынша суреттердің ретін айт.



1. кеуіп қалады



2. көлшік



3. жаңбыр



4. құдық



5. бу



ЖАЗЫЛЫМ

4-тапсырма. Суреттерді сөзбен жазып, сөйлемдерді толықтыр.



1. жауады.



2. айналасына



пайда болады



3. Көлшіктің суы

айналады.

4. Көлшік



ОҚЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ



5-тапсырма. Мәтінді оқып, көлшікті сипаттайтын сөздерді тап.



АЙТЫЛЫМ

6-тапсырма. Сұрақтарға жауап беріп, диалог құрыңдар.

1. Жазда не жауды?
2. Құдықтың айналасына не пайда болды?
3. Көлшік неден пайда болды?
4. Көлшік қандай?
5. Көлшіктің мақтаншақ екенін қалай білдің?
6. Күзде көлшіктің суына не болды?



Есте сақта!

Көлшік мақтанды. Ол мақтаншақ. Су бұға айналады. Көлшік кеуіп қалады.

9-сабақ Балық аулайды

Мен балық аулай**мын**
Сен балық аулай**сың**
Сіз балық аулай**сыз**
Ол балық аулай**ды**

Жаңа сөздер

аулау
қармақ



ОҚЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

Оқы. Қайтала.



ТЫҢДАЛЫМ

1-тапсырма. Мәтін кім туралы екенін айт. Қандай жаңа сөздер естідің?



ОҚЫЛЫМ

2-тапсырма. Мәтінді рөлге бөліп оқыңдар. Жаңа сөздерді анықтаңдар.

Әлібек пен атасы өзенге барады. Олар балық аулайды. Қармаққа Балық түседі.

Балық:

— Ата, мені алып кетіңізші! — дейді.

Атасы:

— Неге? — деп сұрайды.

Балық:

— Бұл өзеннің суы лас. Мен лас суды ішпеймін, — деп жауап береді.

Әлібек пен атасы өзенді тазалайды.

Балық оларға:

— Рақмет! — дейді.



Дұрыс айт!

балық

аулау

қармақ

алып кетіңізші

[алып кетіңізші]



АЙТЫЛЫМ

3-тапсырма. Суреттерге қарап сұрақтарға жауап бер.

Әлібек пен атасы қайда барады?



Әлібек пен атасы көлден не аулайды?



ОҚЫЛЫМ

4-тапсырма. Мәтіннен Әлібектің атасы мен Балықтың сөздерін табыңдар. Рөлге бөліп оқыңдар.



ЖАЗЫЛЫМ

5-тапсырма. Суреттерді сөзбен жазып, сөйлемдерді толықтыр.

Әлібек пен атасы



барады.

Олар өзеннен



аулайды.



-қа Балық түседі.

АЙТЫЛЫМ

6-тапсырма. Сұрақтарға жауап беріп, диалог құрыңдар.

1. Әлібек пен атасы қайда барады?
2. Олар өзеннен не аулайды?
3. Қармаққа не түседі?
4. Балық атаға не дейді?
5. Балық өзеннен неге кеткісі келеді?
6. Әлібек пен атасы не істейді?
7. Балық атаға не үшін рақмет айтады?

Кел, жаттайық!

Алыстан мұнарланып шалқыған көл,
Бетінде күннің нұры балқыған көл.
Жарысып саф күмістей ақ көбігің
Мап-майда мөлдірінде қалқыған көл.
Мағжан Жұмабаев



Есте сақта!

Балық аулайды. Қармаққа
Балық түседі. Балық:
«Алып кетші!» — дейді.
Көлдің суы лас. Көлді
тазалайды.

10-сабақ Жағажайда



ОҚЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ



Оқы. Қайтала.

Жаңа сөздер

жағажай



жағажай



ТЫҢДАЛЫМ

1-тапсырма. Мәтінді тыңдап, түсінгеніңді айт.



ОҚЫЛЫМ

2-тапсырма. Мәтінді түсініп оқы. Сұрақтарға жауап бер.

Мен жағажайға барамын. Жағажайда бала көп. Мен жақсы жүземін. Өзеннің суы тұщы. Бірақ терең. Сондықтан алысқа бармаймын.

Жағажайда шөлдеймін. Әжем сусын қайнатып береді. Әжемнің сусыны дәмді.

- Әлібек қайда барады?
- Өзеннің суы қандай? Сипаттап айт.



Дұрыс айт!

жағажай
тұщы [тұшшұ]



АЙТЫЛЫМ

3-тапсырма. Дұрыс нұсқасын айт.

1. Әлібек ... барды.

- а. жағалауға
- ә. жағажайға

2. Балалар

- а. жағажайда жүр.
- ә. мектепте жүр.

3. Ол жақсы

- а. жүреді.
- ә. жүзеді.

4. Өзеннің суы

- а. ащы.
- ә. тұщы.

5. Жағажай

- а. терең.
- ә. көркем.



ЖАЗЫЛЫМ

4-тапсырма. Тиісті қосымшаларды жаз.

Мен жүзе... .

Сен жүзе... .

Сіз жүзе... .

Ол жүзе... .

Біз шөлдей... .

Сендер шөлдей... .

Сіздер шөлдей... .

Олар шөлдей... .

Тиісті қосымшалар:

-мін

-сің

-ды

-ді

-сіңдер

-міз

-сіздер

-сіз



АЙТЫЛЫМ

5-тапсырма. Мәтін мазмұны бойынша диалог құрыңдар.

1. Кім жағажайға барады?
2. Жағажайда кімдер бар?
3. Өзеннің суы қандай?
4. Әлібек неге алысқа бармайды?
5. Әлібек сусынды қайдан алады?



Есте сақта!

Мен жағажайға барамын.
Суы тұщы, терең. Әжем
сусын қайнатады. Сусын
дәмді.

11-сабақ **Нәтиже сабақ.** **Мен не үйрендім?**



ОҚЫЛЫМ ЖАЗЫЛЫМ

1-тапсырма. Мәтінді оқы. Суды үнемдеудің ережесін дайында.

- Мысалы: 1. Суды үнемде!*
2. ...
3. ...

Сусыз бақша, ағаштар, гүлдер құрайды. Су бізге өмір сыйлайды. Адамдар тұщы суды пайдаланады. Әлемде тұщы су аз, ащы су көп. Біз тұщы суды үнемдейміз. Суды босқа төкпейміз. Суға қоқыс тастамаймыз. Табиғатты ренжітуге болмайды!



ЖАЗЫЛЫМ

2-тапсырма. «Не?», «Қандай?», «Қайтеді?» деген сұрақтарға жауап беретін сөздерді бөлек-бөлек жаз.

Өзен, жер, қопсытады, көл, отырғызады, тамшы, құдық, өседі, тұщы, теңіз, суарады, емдейді, сусын, дәмді, қайнатады, жағажай, лас, ренжиді, үнемдейді, арамшөп, терең.



АЙТЫЛЫМ

3-тапсырма. Сипаттап айт.

- А. «Дәмді», «тұщы», «терең» деген сөздерді пайдаланып өзенді сипатта.
Ә. «Лас», «арамшөп», «айнала» деген сөздерді пайдаланып көлшікті сипатта.



АЙТЫЛЫМ

4-тапсырма. Сұрақтарға жауап бер. Сұрақтарды пайдаланып диалог құрыңдар.

1. Үйде суды неге пайдаланасың?
2. Сен суды қалай үнемдейсің?
3. Үйде қандай суды пайдаланасың; тазартылған су ма әлде ағын су ма?
3. Сенде аквариум бар ма?
4. Сен үйде аквариумдағы балықты ұстағың келе ме?



Білгенге маржан

Су бар жерде ырыс бар:
ұстап, балық жейсің, би-
дай егіп, нанын жейсің.



Оқушы, бұл модульде:

- мерекелерде құттықтауға;
- тірек сөз, сурет бойынша баяндау;
- заттарды сипаттау;
- сұрақ қойып, диалог құру;
- сауатты жазуды үйренесің.

1-сабақ Демалыс мәдениеті

Мен сыпайылық сақтай**мын**
 Сен сыпайылық сақтай**сың**
 Сіз сыпайылық сақтай**сыз**
 Ол сыпайылық сақтай**ды**

Жаңа сөздер

мәдени саяхат
 көңілді
 сыпайылық сақта
 қатты сөйлеме

ОҚЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

Оқы. Қайтала.



ТЫҢДАЛЫМ

1-тапсырма. Мәтінді тыңдап, Әнелді сипатта.

АЙТЫЛЫМ

2-тапсырма. Мәтінді оқы. Әлібектің сыныбын сипаттайтын сөздерді тап.

Біз сыныппен мәдени саяхатқа шығамыз. Демалыста музейге, театрға, саябақтарға барамыз. Біздің сынып көңілді. Апай бізге: «Музейде, театрда қатты сөйлеңдер! Қатты күлмеңдер! Сыпайы болыңдар!» — дейді. Біз тазалық сақтаймыз. Қоқыс тастамаймыз. Апай бізге: «Жарайсыңдар!» — дейді.

АЙТЫЛЫМ

3-тапсырма. Әлібектің сыныбын сипаттайтын сөздерге сұрақ қой.

Әлібектің сыныбы көңілді. Оқушылар сыпайы, тазалық сақтайды.

АЙТЫЛЫМ

4-тапсырма. Тірек сөздерді пайдаланып сыныбың туралы айт.

Үлгі: Менің ойымша, сыныбымыз үлгілі. Оқушылар шуламайды.

Тірек сөздер: жалқау, ақылды, сыпайы, шулайды, қиын, тентек.

ОҚЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

5-тапсырма. Мәтінді оқып, сұраққа жауап бер.

ОЛАР ДЕМАЛЫС КҮНДЕРІ ҚАЙДА БАРАДЫ?



ЖАЗЫЛЫМ

6-тапсырма. Дұрыс нұсқасын таңдап жаз.

1. Біз сыныппен (әдеби кешке, мәдени саяхатқа) шығамыз. 2. Театрда, музейде (сыпайылық сақтаймыз, әңгіме айтамыз). 3. Біздің сынып (тентек, көңілді). 4. Біз (сыпайы, қатты) сөйлесеміз.

8. Демалыс мәдениеті. Мерекелер



ОҚЫЛЫМ ЖАЗЫЛЫМ

7-тапсырма. Мәтінді оқы. Сыпайылық ережесін тап. Дәптерге жаз.

1. ...
2. ...



ОҚЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

8-тапсырма. Дұрыс жауабын айт.

1. Біз кейде сыныппен

- а) мәдени саяхатқа шығамыз.
- ә) ән айтамыз.

2. Музейде, театрда

- а) қатты сөйлем.
- ә) қатты жылама.

3. Өзіңді

- а) мәдениетті ұста.
- ә) жай сөйлем.

4. Біз бір-бірімізбен

- а) айтысамыз.
- ә) сыпайы сөйлесеміз.

Кел, жаттайық!

Сыпайылық жоқ жерде
сыйластық та жоқ.



Есте сақта!

Мәдени саяхатқа шығамыз.
Музейде, театрда қатты
сөйлем! Қатты күлме!
Сыпайы бол!

2-сабақ

Абай музейінде



ОҚЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

Оқы. Қайтала.



Абай музейі



ТЫҢДАЛЫМ

1-тапсырма. Мәтінді тыңдап, түсінгеніңді айт.



ОҚЫЛЫМ

2-тапсырма. Мәтінді түсініп оқы.

Бұл — Абай музейі. Абай — қазақтың ұлы ақыны. Музейдің айналасы таза. Гүл мен ағаш көп. Абай музейі екі қабатты. Музейде Абайдың шығармалары, кітаптары, суреттері, заттары бар. Музейде экспонат көп.



Дұрыс айт!

екі қабатты
ұлы [ұлу]



АЙТЫЛЫМ

3-тапсырма. Суреттерді пайдаланып сұрақтарға жауап бер.

Бұл кімнің музейі?



ЖАЗЫЛЫМ

4-тапсырма. Суреттерді пайдаланып сөйлемдерді толықтыр.

Музейде Абайдың



бар.

Музейде Абайдың






бар.



АЙТЫЛЫМ

5-тапсырма. Абайдың кім екенін анықта. Дұрыс жауабын айт.



ЖАЗЫЛЫМ

6-тапсырма. Тиісті қосымшаларды жаз.

Абай қазақ... ұлы ақыны. Музей... айналасы таза. Музейде Абай... шығармалары мен заттары бар.



АЙТЫЛЫМ

7-тапсырма. Сұрақтарға жауап бер.

1. Бұл кімнің музейі?
2. Музейде не бар?
3. Музейдің айналасы қандай?



Есте сақта!

Бұл — Абайдың музейі.
Музейде Абайдың
шығармалары, суреттері
бар.

3-сабақ Мереке құтты болсын!

Мен құттықтаймын
Сен құттықтайсың
Сіз құттықтайсыз
Ол құттықтайды

Жаңа сөздер

құттықта
ашықхат
бір-бірімізге
ас



ОҚЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ



Оқы. Қайтала.

Мереке құтты болсын!



Мерекеңізбен
құттықтаймын!

мерекелік дастарқан



ТЫҢДАЛЫМ

1-тапсырма. Мәтінді тыңда. Сұрақтарға жауап бер.

- 1 Әнелді неге құттықтады?
2. Әнелді қалай құттықтады?

ОҚЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

2-тапсырма. Мәтінді оқы. Қимылды білдіретін сөздерді тап.

Қазақстанда мереке көп. Біз мерекеде бір-бірімізге сыйлық береміз. Ашық-хат жазамыз. Жақсы тілек айтамыз. «Мереке құтты болсын!» деп құттықтаймыз. Мерекелік дастарқан жасаймыз. Ет асамыз. Бауырсақ пісіреміз. Ең үлкен мереке — Наурыз. Наурызда наурыzkөже пісіреді.

ОҚЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

3-тапсырма. Мәтінді оқып, мерекеде не істейтініңді ретімен айт.

1. Мен мерекеге дайындаламын.
2.



Дұрыс айт!

ҚҰТТЫҚТА
[ҚҰТТҰҚТА]
ашықхат [ашыққат]
бір-бірімізге
ас

АЙТЫЛЫМ

4-тапсырма. Суретті пайдаланып жауап бер.

МЕРЕКЕДЕ НЕ ІСТЕЙМІЗ?





ЖАЗЫЛЫМ

5-тапсырма. Дұрыс нұсқасын таңдап жаз.

1. Қазақстанда (музей, мереке) көп. 2. Біз (мектепте, бір-бірімізге) сыйлық береміз. 3. (Ашықхат, сөз) жазамыз. 4. Мерекемен (көреміз, құттықтаймыз). 5. Ет (ішеміз, асамыз).



ОҚЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

6-тапсырма. Мерекеде айтылатын сөздерді тап.

1. Келуіңмен!
2. Мереке құтты болсын!
3. Сау бол!
4. Құтты болсын!
5. Кешірім өтінемін!
6. Мерекеңмен!
7. Кешіріңіз, өтіп кетейінші!
8. Құттықтаймын!



АЙТЫЛЫМ

7-тапсырма. Жұптық жұмыс. Бір-біріңнен мерекеде не істейтіндеріңді сұрап, диалог құрыңдар. Сұрақтарды пайдаланыңдар.

1. Үйде қандай мерекені атап өтесіңдер?
2. Мерекеге қалай дайындаласыңдар?
3. Үйде мерекелік дастарқан жасайсыңдар ма?
4. Мерекеде анаң қандай тамақ пісіреді?



Есте сақта!

Бір-бірімізді құттықтаймыз.
Ашықхат жазамыз.
Ет асамыз. Мереке
құтты болсын! Мен
сізді мерекеңізбен
құттықтаймын!

Кел, жаттайық!

Елі қымбат ұланға

Қойып бірде сұрағын
Әлде іштей сынады.
Балалардан мұғалім:
«Не қымбат?» — деп сұрады.

«Қымбат, — деді, — далам да»,
«Қымбат, — деді, — бабам да».
«Қымбат, — деді, — көлім де»,
«Қымбат, — деді, — жерім де».

Фабиден Қожахмет

4-сабақ Шеруге шығамыз


Мен мерекелеймін
Сен мерекелейсің
Сіз мерекелейсіз
Ол мерекелейді

Жаңа сөздер

бірлік
шеру
алаң
өмір сүру
мерекелейді
өткіз

ОҚЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

Оқы. Қайтала.



шеру

1 мамыр құтты болсын!

ТЫҢДАЛЫМ

1-тапсырма. Мәтінді тыңда. Түсінгеніңді айт.

ОҚЫЛЫМ

2-тапсырма. Мәтінді түсініп оқы.

1 мамыр — Бірлік пен достық күні. Бұл күнді барлық адам мерекелейді. Бірлік болса, адамдар жақсы өмір сүреді.

Мерекеде алаңда шеру өткізеді. Адамдар ән салады, би билейді. Адамдар бір-біріне: «1 мамыр құтты болсын!», «Бірлік күні құтты болсын!» — дейді.

Дұрыс айт!

бірлік
шеру [шеруу]
алаң
өмір сүру
[өмүр сүруу]

8. Демалыс мәдениеті. Мерекелер



ЖАЗЫЛЫМ

3-тапсырма. Көп нүктенің орнына қажетті сөздерді қойып жаз.

Қажет сөздер: шеруге, мерекелейміз, Бірлік, алаң, өтеді.

- 1 мамыр – ... пен достық күні.
2. Біз Бірлік күнін
3. Мен ... барамын.
4. Шеру алаңда
5. ... орталықта.



АЙТЫЛЫМ

4-тапсырма. Суреттерді пайдаланып сұраққа жауап бер.

БІРЛІК МЕРЕКЕСІНДЕ ХАЛЫҚ НЕ ІСТЕЙДІ?



АЙТЫЛЫМ

5-тапсырма. Жұптық жұмыс. Бір-біріңді бірлік мерекесімен құттықтаңдар. Төрт сөйлемнен тұратын тілек айтыңдар.

Кел, жаттайық!

Қазақ жері — қонақжай жердің төрі,
Қазақ елі — Қабанбайдай ердің елі.
Толқынында тарихтың қуғын көрген
Барша ұлтқа құт-мекен болған еді.
sabaqtar.kz



Есте сақта!

1 мамыр — бірлік пен достық күні. Алаңда шеру өткізеді. Адамдар мерекелейді. Олар жақсы өмір сүреді.

5-сабақ Ұландар мерекесі

Мен қорғаймын
Сен қорғайсың
Сіз қорғайсыз
Ол қорғайды

Жаңа сөздер

ұландар
Отан
қорғайды
шегара

ОҚЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

Оқы. Қайтала.



ТЫҢДАЛЫМ

1-тапсырма. Мәтінді тыңда. Түсінгеніңді айт.

ОҚЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

2-тапсырма. Мәтінді оқы. Сұрақтарға жауап бер.



Дұрыс айт!

ұландар
Отан
қорғайды [қорғайт]
шегара

7 мамыр — Ұландар күні. Ұландар Отанды қорғайды. Ұландар — батыр. Ұландар Қазақстанның шегарасын қорғайды. Біз оларды мақтан тұтамыз. Бұл күні біз атамызды, әкемізді, ағамызды, бауырымызды құттықтаймыз. Олар қашан да Отан қорғауға әзір.

Отан қорғаушылар күні құтты болсын!

1. Ұландар не істейді?
2. Ұландар мерекесі қай күн?



ОҚЫЛЫМ

3-тапсырма. Ұландар не істейді? Мәтіннен тауып оқы.



ЖАЗЫЛЫМ

4-тапсырма. Сұрақтардың орнына қажетті сөздерді қойып, жаз.

Қажетті сөздер: шегарасын, Отанды, атамызды, әкемізді, қорғауға.

1. Ұландар (нені?) қорғауға әзір. 2. Ұландар Қазақстанның (несін?) қорғайды. 3. Бұл күні біз (кімдерді?) құттықтаймыз. 4. Олар қашан да Отанды (не істеуге?) дайын.



ЖАЗЫЛЫМ

5-тапсырма. Көп нүктенің орнына тиісті қосымшаларды жаз.

Біз оларды мақтан тұта... . Бұл күні атамызды, әкемізді, ағамызды, бауырымызды құттықтай... . Үлкен болғанда біз де Отанды қорғай... .

Тиісті қосымшалар:

-мыз

-ды



Есте сақта!

Ұландар Отанды қорғайды.
Ұландар шегара күзетеді.
7 мамыр — Отан қорғаушы
ұлдар күні.

6-сабақ

9 мамыр – Жеңіс күні

Біз ұмытпаймыз
Сендер ұмытпайсыңдар
Сіздер ұмытпайсыздар
Олар ұмытпайды

Жаңа сөздер

жеңіс
жауынгер
ұмытпау
жау

ОҚЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

Оқы. Қайтала.



Дұрыс айт!

жеңіс
ұмытпау [ұмұтпау]
жауынгер [жауыңгер]



ТЫҢДАЛЫМ

1-тапсырма. Мәтінді тыңда. Түсінгеніңді айт.

ОҚЫЛЫМ

2-тапсырма. Мәтінді түсініп оқы.

9 мамыр — Жеңіс күні. Жауынгерлер Отанды жаудан қорғады. Олар төрт жыл соғысты. Бауыржан Момышұлы, Талғат Бигелдинов, Сергей Луганский, Мәншүк Мәметова, Әлия Молдағұлова — жауынгер батырлар. Олар жеңіске жетті. Ұлы жеңісті адамдар ұмытпайды. 9 мамырда мәңгілік алауға гүл қоямыз.

8. Демалыс мәдениеті. Мерекелер



ОҚЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ



3-тапсырма. Сөздер мен сөз тіркестерін сәйкестендір.

1	Жеңіс	а	ұмытпайды
2	мәңгілік	ә	қорғады
3	батыр	б	күні
4	жаудан	в	алау
5	батыр жауынгерлерді	г	жауынгерлер



ОҚЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ



4-тапсырма. Дұрыс нұсқасын айт.

1. Жеңіс күні

- а) бірінші мамырда.
- ә) тоғызыншы мамырда.

2. Жеңіс күні –

- а) бейбітшілік мерекесі.
- ә) гүлдер мерекесі.

3. Соғыс

- а) төрт жыл жүрді.
- ә) бес жыл жүрді.

4. Жауынгерлер

- а) үйді қорғады.
- ә) Отанды қорғады.

5. Адамдар

- а) жауға қарсы шықты.
- ә) желге қарсы шықты.



ОҚЫЛЫМ ЖАЗЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ



5-тапсырма. Берілген сөйлемдерге сұрақ қой.

- 1. Жыл сайын 9 мамырда Жеңіс күнін тойлаймыз.
- 2. Соғыс төрт жыл жүрді.
- 3. Жауынгерлер Отанды қорғады.
- 4. Адамдар жауға қарсы шықты.



АЙТЫЛЫМ

6-тапсырма. Жұптық жұмыс. Сұрақтарға жауап беріп, диалог құрыңдар.

- 1. Сен Ұлы Отан соғысына қатысқан адамдарды білесің бе?
- 2. Ұлы Отан соғысы туралы кино көрдің бе?



ЖАЗЫЛЫМ

7-тапсырма. Көп нүктенің орнына тиісті қосымшаларды қой.

Ұлы Отан соғысы төрт жыл жүр... . Жауынгерлер Отанды қорға... . Жауынгерлер жаумен соғыс... . Ұлы Отан соғысында ол адамдар жеңіске жет... .



ЖАЗЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

8-тапсырма. 9 мамыр — Жеңіс күніне арнап ашықхат дайында. Ол үшін қатты қағаз бен түрлі түсті қағазды пайдалан. Ата-анаңа арнап құттықтау жаз. Құттықтау мәтіні 3-4 сөйлемнен тұрсын.

Кел, жаттайық!

Шұғыласы бүгін жарқ етті.
Бағына талай миллионның
Баянды Жеңіс күн жетті.
Жұмағали Саин



Есте сақта!

9 мамыр — Жеңіс күні.
Жауынгерлер Отанды
қорғады. Жауынгер-
батырларды ұмытпаймыз.

7-сабақ Біздің мереке



ОҚЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ



Оқы. Қайтала.



Дұрыс айт!

шолу [шолуу]
шеңбері

Жаңа сөздер

Балаларды қорғау
күні
шолу
шеңбері



Шолу шеңбері



ОҚЫЛЫМ

1-тапсырма. Мәтінді түсініп оқы.

1 маусым — Балаларды қорғау күні. Бұл — біздің мереке. Мерекеде мені ата-анам, туыстарым құттықтайды. Отбасымызбен саябаққа барамыз. Біз шолу шеңберіне отырамыз.



АЙТЫЛЫМ

2-тапсырма. Сұрақтарға жауап бер.

1. 1 маусым — қандай күн?
2. Ол кімдердің мерекесі?



ЖАЗЫЛЫМ

3-тапсырма. Көп нүктенің орнына қажетті сөздерді жаз.

Қажетті сөздер: саябаққа, отырамыз, құттықтайды.

1. Мерекеде мені ата-анам 2. Отбасымызбен ... барамыз. 3. Біз шолу шеңберіне



АЙТЫЛЫМ

4-тапсырма. Суреттерге қарап айт.

Балалар саябақта не істейді?



ЖАЗЫЛЫМ

5-тапсырма. Тірек сөздерді пайдаланып үш сөйлем құра.

Тірек сөздер: Балаларды қорғау күні, мереке, құттықтайды, ұнайды, саябақ.



АЙТЫЛЫМ

6-тапсырма. Сұрақтарға жауап беріп, диалог құрыңдар.

- Саған қандай мереке ұнайды? —
- Мерекеде не істейсіңдер? —
- Сен кімді құттықтайсың? —



Есте сақта!

1 маусым — Балаларды қорғау күні.
Бұл — біздің мереке. Мен шолу шеңберіне отырамын.

8-сабақ Жазғы демалыс — ең ұзақ мереке

Мен демаламын
Сен демаласың
Сіз демаласыз
Ол демалады



ОҚЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ



Оқы. Қайтала.



Жазғы демалыс — ең ұзақ мереке.



ТЫҢДАЛЫМ

1-тапсырма. Мәтінді тыңда. Сөздерді пайдаланып, сұрақтарға жауап бер.

1. Әлібек нешінші сыныппен қоштасады?
2. Қандай демалыс келді?
3. Жазғы демалысты неге «ұзақ мереке» деп атайды?
4. Әлібек жазда не істейді?

ауылға барады
үшінші
жазғы
ұзақ
саяжайда демалады

Жаңа сөздер

жазғы
саяжай
көшет
күтім
қоштасу
бос
думан



Дұрыс айт!

жазғы
саяжай
көшет [көшөт]
күтім [күтүм]
қоштасу [қоштасуу]

АЙТЫЛЫМ

2-тапсырма. Суреттерді мәтін мазмұны бойынша орналастыр.



ОҚЫЛЫМ ЖАЗЫЛЫМ

3-тапсырма. Әр сөйлемге «иә» не «жоқ» деп жауап берілетіндей сұрақтар жаз.

Үлгі: Жазғы демалыста ауылға барасың ба?

Жазғы демалыста ауылға барамын. Жазда бос уақыт көп болады. Ауылдың қасында көл бар. Көлден балық аулаймын. Қостұра тауына шығамын. Таудың суретін саламын.

Кейін саяжайға барамын. Саяжайда көшеттер бар. Көшетке күтім керек. Саяжайда алма жинаймын. Тамызда «Думанға» барамын.

ЖАЗЫЛЫМ


4-тапсырма. Сөйлемді жалғастырып, жазда не істейтінің туралы мәтін құра.

Жазғы демалыс келді. Мен жазда



ОҚЫЛЫМ ЖАЗЫЛЫМ

5-тапсырма. Сөйлем құраңдар.

Мен  ауыл...
көл...
тау...
атам...
әжем... барамын.
саяжай...
әкем...
анам...
«Думан...»



АЙТЫЛЫМ

6-тапсырма. Сурет бойынша диалог құрыңдар.



АЙТЫЛЫМ

7-тапсырма. Төмендегі сұрақтарды пайдаланып досыңмен телефон арқылы сөйлес.

1. Сен жазда қайда демаласың?
2. Ауылға барасың ба?
3. Атаң мен әжеңе барасың ба?
4. Саяжайға барасың ба?
5. «Думанға» барасың ба?



Есте сақта!

Жазғы демалыс келді.
Мен ауылдағы атам мен әжеме барамын. Тамызда саяжайда алма жинаймыз.

9-сабақ Кім қайда демалады?

Мен танысамын
Сен танысасың
Сіз танысасыз
Ол танысады

Жаңа сөздер

- жоспар
- таныс
- арала
- шипажай


Дұрыс айт!

- жоспар
- таныс
- арала
- шіпажай

ОҚЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

Оқы. Қайтала.

шипажай



сапар

өзен



май



жоспар

жоспарла

жоспарлады

ТЫҢДАЛЫМ АЙТЫЛЫМ


1-тапсырма. Мәтінді тыңда. Суреттерді мәтін мазмұны бойынша сәйкестендір.

... жазда шетелге



сапарға шығады.

... әжесімен



демалады.

...



балық аулайды

... достарымен



велосипед тебеді.



ЖАЗЫЛЫМ

2-тапсырма. Тірек сөздерді пайдаланып достарыңның жазғы демалыста не істейтінін жаз.

Тірек сөздер: жазғы демалыс, жоспарлау, тау, аралау, өзен, бару, демалу, танысу, бос уақыт, «Думан».



ОҚЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

3-тапсырма. Мәтін мазмұны бойынша бір-біріңе сұрақ қойыңдар.

Әлібектің достары жазғы демалысты жоспарлады. Саша тарихи қалаларды аралайды. Әнел саяжайға барады. Анна лагерьде демалады, өзенге шомылады. Әлібек ата-анасымен бірге сапарға шығады. Айару «Думан» ойын-сауық орталығына барады.



ЖАЗЫЛЫМ

4-тапсырма. Досыңмен жазғы демалыста қайда баратындарың туралы сөйлес. Диалогта жаңа сөздерді қолданыңдар.

Кел, жаттайық!

Жазда апамның аулына
Барып едім қыдырып.
Бір қошақан алдымнан
Ойнап шықты жүгіріп.
Сабырхан Асанов



Есте сақта!

Әлібек жазғы демалыста
ата-анасымен сапарға
шығады. Әнел әжесімен
шипажайда демалады.
Саша өзеннен балық
аулайды.

10-сабақ Жазғы ойындар

Біз жасырынбақ ойнаймыз.
Сендер не ойнайсыңдар?
Олар баскетбол ойнайды.

Жаңа сөздер

топ
жасырынбақ



Дұрыс айт!

жасырынбақ
[жасырымбақ]



ОҚЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ



Оқы. Қайтала.



көңілді топ думан жасырынбақ ойнаймыз
Мен жазғы демалысты көңілді өткіземін.



ТЫҢДАЛЫМ АЙТЫЛЫМ



1-тапсырма. Мәтінді тыңда. Көп нүктенің орнына керекті сөздерді қойып, мәтінді мазмұнда.

Керекті сөздер: жазғы ойындар, көңілді, өзенде, топ, жасырынбақ.

Жазғы демалысты ... өткіземін. Маған ... өте ұнайды. Күндіз ... шомыламыз.
Кешке ... ойнаймыз. Біз ... болып ойнаймыз.



ЖАЗЫЛЫМ

2-тапсырма. Тыңдалған мәтін бойынша сөздерді тіркестіріп жаз.

біздің, жазғы, жасырынбақ, көңілді,
өзенде

жасырынбақ, шомылу, топ, ойын-
дар, өткізу



ОҚЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

3-тапсырма. Мәтінді оқы. Бір-біріңе сұрақ қойыңдар.

Маған жазғы ойындар ұнайды. Жазда мен доп ойнаймын, секіргішпен секіремін, бормен асфальтқа сурет саламын. Достарыммен бірге топ болып, бадминтон, жасырынбақ ойнаймыз. Жазғы демалысты көңілді өткіземіз.



АЙТЫЛЫМ

4-тапсырма. Суреттерге қарап сұраққа жауап бер.

КІМ НЕ ОЙНАЙДЫ?



Әнел мен Әлібек



Алуа мен Әли



Әнел мен Анна



Саша мен Анна



ЖАЗЫЛЫМ

5-тапсырма. Тиісті қосымшаларды жалғап, көшіріп жаз.

Мен жасырынбақ ойнай... .
Сен жасырынбақ ойнай... .
Сіз жасырынбақ ойнай... .
Ол жасырынбақ ойнай... .

Мен секіргішпен секіре... .
Сен секіргішпен секіре... .
Сіз секіргішпен секіре... .
Ол секіргішпен секіре... .

Тиісті қосымшалар:

-МЫН	-СЫҢ	-СЫЗ	-ДЫ
-МІН	-СІҢ	-СІЗ	-ДІ



АЙТЫЛЫМ

6-тапсырма. Жағдаят: досың екеуің жазғы демалысты жоспарлаңдар. Жазғы ойындар туралы сөйлесіңдер.

Кел, жаттайық!

Балақай-ау, балақай,
Жаз келеді, алақай!
Сайдан жидек тереміз,
Сан қызықты көреміз.
Алтыбақан тебеміз,
Тау мен тасты кеземіз.

Қадыр Мырза-Әлі



Есте сақта!

Жазғы ойындар көңілді.
Достарымызбен бірге
жасырынбақ ойнаймыз,
секіргішпен секіреміз.

11-сабақ **Нәтиже сабақ. Мен не үйрендім?**

ЖАЗЫЛЫМ

1-тапсырма. Тірек сөздерді пайдаланып «Маған ұнайтын мерекелер» деген тақырыпта мәтін құраңдар.

Тірек сөздер: көктемде, мереке, құттықта, шеру, Жеңіс күні, думан, Бірлік күні, тойлау.


АЙТЫЛЫМ

2-тапсырма. Сөйлемдерді толықтыр.

Жаз айлары — маусым, ..., тамыз.

Жазда күн ұзақ, түн ... болады.

Жазда балалар



... барады.

Жазғы демалыста Әлібек



аулайды.

ЖАЗЫЛЫМ

3-тапсырма. Жазғы демалыста не істейтінің туралы сурет сал. Жазғы демалысыңның жоспарын жаз.

Білгенге маржан

Мақал-мәтел

Ел іші — алтын бесік.



V ТАҚЫРЫП. ӨНЕР

өнер — искусство
белгілі/белгісіз — известный (-ая, -ое, -ые)
неизвестный (-ая, -ое, -ые)
зергер — ювелир
сырға — сережка, серьги
күміс — серебро
кілем — ковер
көрме — выставка
ою — орнамент, узор

би — танец
моншақ — бусы
сахна — сцена
қимыл — движение

ән айту — спеть песню
әртіс — артист

күй — кюй, мелодия
күйші — исполнитель кюев, мелодий на домбре, кобызе
қобыз — кобыз (музыкальный инструмент)
үн — звук, голос

қолөнер — рукоделье

қайшы — ножницы
желім — клей
шеберхана — мастерская
ине — иголка
қию — резать
қылқалам — кисть, кисточка
ілу — вешать
өрнек — узор, орнамент
бояу — краска

алқа — кулон, ожерелье, подвеска
сандық — сундук
тоқу — вязать, ткать, плести
бұйым — вещь, изделие
тері — кожа, шкура
түсіру — съёмка

көне заттар — предметы древности
құмыра — кувшин, ваза
ыдыс — посуда

ғасыр — век
бұрын — раньше, прежний (-ая, -ее, -ие)

жиһаз — мебель

VI АТАҚТЫ ТҰЛҒАЛАР

атақты — знаменитый, известный (-ая, -ое, -ые)
ұлы — великий, величавый (-ая, -ое, -ые)
дарынды — одарённый (-ая, -ое, -ые)
күйші — кюйши (музыкант)
күй шерту — играть кюй
тұңғыш — первый (-ая, -ое, -ые)

ғалым — учёный
зерттеу — изучать; исследовать
жұмыс — работа
мүсінші — скульптор
ақын — поэт
өмір — жизнь
шығарма — произведение
әлем — мир

аударды — переводил

ұстаз — педагог; учитель; наставник

әңгіме — рассказ

шумақ — куплет, строфа

балуан — борец

батыр — герой

жазушы — писатель

шығарма — сочинение, произведение

тану — признать, узнать

дарын — талант

үнемі — все время; постоянно

тұлға — личность

туынды — произведение

VII **СУ** — ТІРШІЛІК КӨЗІ

көмектесші — помощи, пожалуйста

шөлдеді — испытал жажду

суару — поливать

тұщы су — пресная вода

үнемдеу — экономить, беречь

ластау — пачкать; загрязнять; мараться;

измазываться

ластама — не загрязняй

төк/төкпе — разливай/не разливай

тамшы — капля

теңіз — море

айнала — вокруг

отырғызу — сажать

жер — земля; грунт

қопсыту — разрыхлять

арамшөп — сорная трава, сорняк

иісі — запах

терең — глубокий (-ая, -ое, -ие)

құдық — колодец

әрине — конечно

сусын — напиток

қайнат — кипятит

емдеу — лечить

жазылу — вылечиться

өзен — река

дәмді — вкусный (-ая, -ое, -ые)

асты — снизу, под

көлшік — небольшое озеро

айналады — превращается

ағып кетеді — вытекает

беті — поверхность

қатады — замерзает

мұз — лёд

мақтанды — похвастался

мақтаншақ — хвастун

бу — пар

құрғайды — высыхает

аулау — ловить

қармақ — удочка, крючок

жағажай — пляж

VIII ДЕМАЛЫС МӘДЕНИЕТІ. МЕРЕКЕЛЕР

мәдени саяхат — культурное путешес-
твие
сыпайылық сақтау — соблюдать
вежливость
көңілді — весёлый (-ая, -ое, -ые)
қатты сөйлем — громко не разговари-
вай

бір-бірімізге — друг другу
құттықта — поздравляй
ашықхат — открытка
ас — еда; блюдо

бірлік — единство
шеру — парад
алаң — площадь
өмір сүру — жить
мерекелейді — празднует

қорғайды — защищает, охраняет
шегара — граница

Отан — Родина
ұландар — воины

жауынгер — воин
ұмытпау — не забывать; не забыть
жау — враг
жеңіс — победа

жазғы — летний (-ая, -ее, -ие)
саяжай — дача
көшет — саженец
күтім — уход

жоспар — план
таным — знакомый (-ая, -ое, -ые)
арала — обходи; гуляй
шипажай — санаторий

думан — праздник
топ — группа
жасырынбақ — детская игра в прятки

Мазмұны:

5. Өнер

1. Отбасым өнерлі	4
2. Қарындасым билейді	8
3. Інім ән айтады	11
4. Ағам қобыз тартады	13
5. Менің досым – шебер	16
6. Қағаздан ойыншық жасадық	19
7. Қолөнер шебері	22
8. Музей қай көшеде?	24
9. Музейдегі көне заттар	26
10. Саған не ұнады?	29
11. Мұхтар Әуезов музейі	32
12. Бұл — Орталық музей	34
13-14. Нәтиже сабақ. Мен не үйрендім?	36

6. Атақты тұлғалар

1. Дина күй шертеді	38
2. Тұңғыш ғалым	41
3. Шоқан мен мүсінші бала	43
4. Бала Абай	46
5. Абай — ұлы ақын	48
6. Тұңғыш ұстаз	50
7. «Кел, балалар, оқылық!»	52
8. Бауыржан — батыр	54
9. Қазақтың қаһарман ұлы	56
10. Бұл кісі — суретші	59
1. Тасқа сурет салған бала	63
2. Нәтиже сабақ. Мен не үйрендім?	65

7. Су — тіршілік көзі

1. Судың пайдасы	67
2. Суды үнемде	70
3. Ағаш сумен өседі	72
4. Құдықтың суы тұщы	75
5. Су денсаулыққа пайдалы	78
6. Адамдар мен Өзен (ертегі)	81
7. Мейірімді Өзен (ертегінің жалғасы)	84
8. Мақтаншақ көлшік	87
9. Балық аулайды	89
10. Жағажайда	92
11. Нәтиже сабақ. Мен не үйрендім?	94

8. Демалыс мәдениеті. Мерекелер

1. Демалыс мәдениеті	96
2. Абай музейінде	99
3. Мереке құтты болсын!	102
4. Шеруге шығамыз	105
5. Ұландар мерекесі	107
6. 9 мамыр — Жеңіс күні	109
7. Біздің мереке	112
8. Жазғы демалыс — ең ұзақ мереке	114
9. Кім қайда демалады?	117
10. Жазғы ойындар	120
11. Нәтиже сабақ. Мен не үйрендім?	123

Электрондық оқулық



Оқу басылымы

Ф. Ш. Оразбаева,
Ж. Т. Дәулетбекова,
Р. С. Рахметова,
А. Қ. Рауандина,
Л. С. Нұрмұханова

Қазақ тілі. Балапан
Оқулық
2-бөлім

Қазақ тілінен басқа тілде оқытатын
11 жылдық жалпы білім беретін мектептің
3-сыныбына арналған

Әдіскер Б. Қ. Мүкеева
Редакторлары: М. А. Рысқұлов, О. С. Жұбаева
Суретшілер: А. Айтжанов, Р. Байбекова, И. Гусева,
М. Дильманов, И. В. Киянова, Мирошников
М., Е. Рагозина, В. Самаркина, А. Сейілханова,
А. Склярова, Н. Старчикова, С. Сывороткина,
С. Телеутова, М. Харитоновна
Мұқаба әрленімі Д. Н. Буксикова
Техникалық редактор Д. К. Тынбаев
Беттеуші С. Қыдырбай

12.10.20 басылымға жіберілді. 60×90 1/8 форматы.
Офсеттік басылым. «DIN» қаріп түрі. Офсетті қағаз.
Шартты баспа табағы 13,4.
Қосымша таралымы 5000
«Реформа» ЖШС-нде басылған.

«Көкжиек-Горизонт» ЖШС
050022, Қазақстан Республикасы, Алматы қ.,
Сейфуллин даңғылы, 597 А,
тел. +7 (727) 220 76 60, +7 (727) 220 76 61
e-mail: info@kokziek-gorizont.com
www.kokziek-gorizont.com

Учебное издание

Ф. Ш. Оразбаева,
Ж. Т. Даулетбекова,
Р. С. Рахметова,
А. К. Рауандина,
Л. С. Нурмуханова

Қазақ тілі. Балапан
Учебник
Часть 2

Для 3 класса
11-летней общеобразовательной школы
с неказахским языком обучения

Методист Б. К. Мукеева
Редакторы: М. А. Рыскулов, О. С. Жубаева
Художники: А. Айтжанов, Р. Байбекова, И. Гусева,
М. Дильманов, И. В. Киянова, М. Мирошников,
Е. Рагозина, В. Самаркина, А. Сейлханова, А. Склярова,
Н. Старчикова, С. Сывороткина, С. Телеутова,
М. Харитоновна
Дизайн обложки Д. Н. Буксикова
Технический редактор Д. К. Тынбаев
Компьютерная верстка С. Кыдырбай

Подписано в печать 12.10.20. Формат 60×90 1/8.
Печать офсетная. Гарнитура «DIN». Бумага офсетная.
Усл. печ. л. 13,4.
Дополнительный тираж 5000
Отпечатано ТОО «Реформа»

ТОО «Көкжиек-Горизонт»
050022, Казахстан, Алматы,
пр. Сейфуллина, 597 А
тел: +7 (727) 220 76 60, +7 (727) 220 76 61
e-mail: info@kokziek-gorizont.com
www.kokziek-gorizont.com